



АҚОРДА

ҚОҒАМ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНДЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Волонтерлер форумына қатысып, сөз сөйледі. Алдымен Президент Волонтерлер форумының ашылуымен құттықтады.



— Бұл — шын мәнінде ерекше басқосу. Бәріңіз де бүгінгі форумға еліміздің әр аймағынан келіп жатсыздар. Мен Сіздерді қоғам игілігі үшін қызмет етіп жүрген Қазақстанның нағыз отаншыл, жасампаз және қамқор жастары деп санаймын. Биыл бүкіл әлем Халықаралық еріктілер жылын атап өтуде. Өздеріңіз білесіздер, бұл бастаманы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының 75-ші сессиясында көтердім. Еліміздің ұсынысы жаһандық ауқымда қолдау тапты. Біз өркениетті ел ретінде күллі адамзатқа ортақ құндылықтарды дәріптейміз, оны келешек ұрпаққа аманат етеміз.

Ерікті болу — игі істер жасау, жақсылық істеп, басқаға үлгі көрсету, Отаныңа адал қызмет ету, туған жеріңе жанашыр болу деген сөз. Ниеті түзу, жаны таза адамдар осы жолды таңдайды, еріктілер қатарына қосылып, қажырлы еңбек етеді. Еріктілерді озық ойлы қоғамның айнасы деп айтсақ, артық болмайды. Нағыз волонтер тұтас қоғамның игілігін ойлайтын, еліміздің мұрат-мүддесін биікке қоятын саналы азамат екені сөзсіз. Осы орайда бүгін мен барша еріктілерге шынайы алғысымды айтамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент еріктілердің барлық игі істің басы-қасында, халқымыздың арасында жүретінін айтты. Осылайша, еліміздің дамуына елеулі үлес қосып келеді.

— Жаңа ғана бірнеше азамат сөз сөйледі, салмақты ой-

көп, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халқымыздың «Жақсыны ісінен таны» деген сөзін еске салды. Еріктілер қазақтың мейірбан ұлт екенін іс жүзінде көрсетіп жүргенін айтты.

— Баршаңызға мәлім, мен Мемлекет басшысы ретінде еріктілер қозғалысына ерекше мән беремін. Қазақстан «волонтер болам, қоғамдық іспен айналысам» деген әрбір азаматты қолдайды. Қазір елімізде 1 ұлттық және 20 аймақтық фронт-офис табысты жұмыс істеп тұр. Еріктілердің саны да артып келеді. 2020 жылы Қазақстанда 50 мың волонтер бар еді. Қазір олардың қатары 300 мың адамға жетті. Елге пайдалы жұмыспен айналысатын ұйымдардың саны төрт есеге жуық өсіп, 800-ден асты.


Қазір еріктілеріміз экология, білім, мәдениет және басқа да салалар бойынша маңызды бастамалар көтеруде. Соның ішінде «Жас ағаш», «Эко бақылау», «Білім волонтерлері» жобаларын ерекше атап өтуге болады. Осындай іс-шараларға 100 мыңға жуық ерікті қатысты. Әр бастаманың елге, қоғамға берер пайдасы мол. Мен өздеріңіз сияқты жасампаз жастарға зор үміт артамын. Біз бәріміз бір ел болып, ауқымды шаруа атқардық. Енді тоқтамай, тек қана алға қарай жүру үшін заман ағымына сай болу өте маңызды, — деді Президент.

Осы тұста Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілер қозғалысын дамытуға қатысты бірнеше өзекті міндетке тоқталды.

— Бірінші, волонтерлік қызметте жаңа технологияларды кеңінен пайдалану керек. Мен Жолдауымда Қазақстан үш жыл ішінде толық цифрлық ел болуға тиіс деген міндет қойдым. Соған сәйкес нақты жұмыс істеліп жатыр. Ел өмірінің барлық саласына озық технология тәсілдері, әсіресе, жасанды интеллект жүйесі енгізіле бастады. Еріктілер қозғалысы да бұл жұмыстан шет қалмауы керек. Мен волонтердің цифрлық паспортын жасау туралы ұсынысты толық қолдаймын.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Испания Королі VI Фелипені туған күнімен құттықтады.

Президент жеделхатта екі ел арасындағы берік достыққа, сындарлы саяси диалог пен өзара тиімді сауда-экономикалық байланыстарға негізделген стратегиялық серіктестік дәйекті түрде дамып келе жатқанын атап өткен. Сондай-ақ ынтымақтастықты тереңдетудің мол әлеуетін пайдалана отырып, қазақ-испан қарым-қатынасын жаңа әрі сапалы деңгейге шығаруға мүдделі екенін растаған.

Қасым-Жомарт Тоқаев Король VI Фелипенің аса жауапты қызметіне толайым табыс, ал испан халқына бақ-береке тіледі.

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖАҢА НҰСҚАСЫ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ БЕРДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

Эльвира Әзімова Комиссияның осыған дейін өткен отырыстарындағы талқылау барысында Конституцияның түбегейлі жаңа мәтіні әзірленгенін баяндады.

Комиссия мүшелері жаңа преамбуланың, бірқатар баптар мен бөлімдердің мазмұны тұтас конституциялық модельді айтарлықтай жаңғыртуға, саяси және қоғамдық институттарды жетілдіруге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге негіз болатынын атап өтті. Осыған байланысты Комиссия мүшелері аталған жобаны Конституцияның жаңа нұсқасы ретінде қарастыру және оны халықтың назарына ұсыну үшін жариялау қажет екенін жеткізді. Өз кезегінде Конституциялық комиссия жаңа Ата Заңның жобасы бойынша жұмыстарды жалғастыра береді.

Президенттің пікірінше, Конституциялық комиссия ауқымды жұмыс атқарған.

Мемлекет басшысы Конституцияның жаңа нұсқасын халықтың қарауына шығару маңызды екенін айтты.

Кездесу соңында Президент жаңа Конституция туралы түпкілікті шешімді қазақстандықтар республикалық референдумда қабылдайтынын тағы да атап өтті.

АҚОРДА

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ҚОҒАМ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНДЕР

(Басы 1-бетте)

Екінші, халықаралық ықпалдастықты арттыру міндеті тұр. Қазақстан БҰҰ Еріктілер бағдарламасына атсалысып келеді. Бұл біздің азаматтарымызға жаһандық волонтерлік құрылымдарда бірегей тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Еріктілеріміздің осы Бағдарламаға алдағы уақытта да қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Тәжірибе алмасуға және халықаралық деңгейдегі волонтерлік бастамаларды үйлестіруге арналған жана платформалар құру қажет деп санаймын. Қазақстан БҰҰ-мен қатар ШЫҰ, АӨСШК, ТМД секілді маңызды ұйымдар аясында еріктілер қозғалысын дамытып жатыр. Мәселен, биыл біздің бастамамызбен Қазақстанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер еріктілерінің алғашқы форумы өтеді. Өздеріңізге мәлім, еліміздегі Халықаралық еріктілер жылы «Орнықты келешек үшін бірге!» ұранымен өтуде. БҰҰ қолдауымен Астанада биыл сәуір айында өтетін Өңірлік экологиялық саммиті аясында волонтерлер үшін арнайы сессия ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бұл іс-шара экология саласындағы үздік волонтерлік жобаларды жүзеге асыруға ықпал етпек. Бұдан бөлек, Каспий теңізіндегі іс-қимыл апталығы мен Арал маңындағы табиғатты қалпына келтіру жөніндегі халықаралық волонтерлік апталық өткізу көзделген. Аталған жиындарға түрлі мемлекеттен еріктілер шақырылады. Кең-байтақ өңіріміздің қайталанбас экожүйесін сақтауға бағытталған бұл бастамаларды қолдаймын, — деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Президент үшінші мәселе ретінде азаматтардың экологиялық мәдениетін арттыру қажет екеніне назар аударды. Бұл — өркениетті қоғамға тән өте маңызды құндылық. Бүгінде еріктілер елді мекендерді көркейтуге белсене атсалысып жүр. Олар былтырдың өзінде «Таза Қазақстан» аясында өткен 1 300-ден астам іс-шараға қатысты. Сондай-ақ волонтерлер ағартушылық сипаттағы түрлі бастамаға ұйытқы болды. Осындай игі істер арқылы елімізде жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып жатыр. Бұл бағыттағы жұмысты күшейте түсу керек, себебі экологиялық мәдениеттің жоғары болуы кез келген елдің озықтығы мен жасампаздығының айқын көрінісі. Ал Қазақстан ең дамыған елдердің қатарында болуы қажет, бұл — ұлттық стратегияның аса маңызды бөлігі. Әсіресе, кәсіби эковолонтерлерді даярлап, әр аймақта тұрақты ұжымдарды жасақтау өте маңызды. «Таза Қазақстан» қозғалысын ұлттық идея және мемлекеттік саясат ретінде міндетті түрде кеңінен дәріптеп, жалғастыру қажет.

— Төртінші, волонтерлікті дамыту үшін мемлекет деңгейіндегі жана жүйелі шаралар қажет. Биыл еріктілер ісін дамытуға арналған үш жылдық Жол картасын іске асыру мерзімі аяқталады. Сондықтан Үкімет 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтитын жана мазмұнды құжат әзірлегені жөн. Бұған дейін қабылданған шаралардың тиімділігіне баға беру және Қазақстанның



халықаралық міндеттемелеріне сай волонтерлік қозғалысты нығайту үшін қосымша ынталандыру тетіктерін қарастыру маңызды.

Бесінші, корпоративтік еріктілер қозғалысын дамыту — өте маңызды міндет. Бизнес әлеуметтік жауапкершілікті сезіне білуге тиіс. Мемлекетіміз ұлттық буржуазияны үнемі қолдауда, ал біздің кәсіпкерлер халқымызға қамқор болып, әрдайым көмектесуі керек. Тарихта мұндай мысалдар аз емес. Бақуатты азаматтар мектеп салып, оқу-ағарту ісін дамытуға үлес қосқан. Кітаптар, газет-журналдар шығаруға, халықтың сауатын ашуға зор еңбек сіңірген. Бір сөзбен айтқанда, ұлттың бойында, болмысында жана қасиеттер қалыптастыруға белсене атсалысқан, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазір де көптеген жомарт жанды азаматтарымыз бар. Олар қайырымдылық және басқа да әлеуметтік маңызы бар шараларға еріктілерді көптеп тартатын болды.

— Бизнес өкілдері корпоративтік волонтерлік қызметке назар аударып, осы бағыттағы жобаларға барынша қолдау көрсетуі керек. Қызметкерлердің қоғамдық жұмысқа белсене атсалысуына жағдай жасауы қажет. Мемлекет жұртқа жақсылық жасап, қоғамдық істерге ұйытқы болып жүрген кәсіпкерлерді қолдайды. Сондықтан мен былтыр арнайы «Мейірім» орденін тағайындау туралы шешім қабылдадым. Бұл марапат халықтың қамын ойлайтын отаншыл азаматтарға деген шынайы құрметтің белгісі болмақ, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Волонтерлер форумы елдің тағдыры, ұлттың болашағы айқындалатын шешуші сәтте өтіп жатқанын жеткізді.

— Мен былтырғы Жолдауымда алдағы саяси жаңғырудың негізгі бағыттары туралы ұсыныстарымды айттым. Бұл бастамалар қоғамның кең қолдауына ие болды, оны бүкіл ел болып талқылады. Жарты жылдан бері конституциялық реформаға қатысты қызу пікірталас жүріп жатыр. Партиялардан, депутаттар мен сарапшылардан, заңгерлер мен қоғам белсенділерінен мындаған ұсыныс келіп түсті. Онда мемлекеттің институционалдық негіздерін өзгертуден

бастап, Ата Заңның мәтінін редакциялауға дейін, өте көп мәселе қамтылды. Азаматтардың белсенділігін ескере отырып, мен Ұлттық құрылтайдың Қызылордадағы отырысында бірқатар бастаманы жұртшылықтың назарына ұсындым. Оның бәрі бүкіл мемлекетті басқару жүйесін тиімді, орнықты әрі теңгерімді студі көздейді. Барша әлем өзгеріп, заман бұлыңғыр болып тұрған қазіргі алмағайып кезеңде, бұл — өте маңызды мәселе.

Халықтан келіп түскен ұсыныстарды жүйелеп, жинақтау үшін Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына барлық аймақтың өкілдері мен түрлі санаттағы азаматтар, халық қалаулылары, орталық атқарушы органдардың басшылары, құқықтанушы ғалымдар, тіл мамандары және белсенді жастар кірді. Қоғам өкілдерін қамту ауқымы, кәсібилік мен азаматтық жауапкершілік тұрғысынан алғанда, мұндай комиссия елімізде бұрын-соңды болмаған деп сеніммен айтуға болады. Комиссия жұмысы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне тың серпін берді. Комиссия мүшелері конституциялық реформаға қатысты әр мәселені егжей-тегжейлі қарап, жан-жақты талқылап, ауқымды жұмыс атқарып жатыр. Осыған дейін Комиссияның 5 отырысы өтті. Оның бәрі әлеуметтік желіде тікелей эфирден көрсетіліп, ақпарат құралдары арқылы кеңінен таратылды. Мен талқылау барысын мұқият қадағалап отырмын. Осы орайда Ата Заңымызға қатысты көптеген прогрессивті, инновациялық ұсыныс берілді деп сеніммен айта аламын. Түптеп келгенде мұның бәрі еліміздің Ата Заңына негіз болады. Бұл әлемде қалыптасқан қазіргі күрделі кезеңде біртұтас Қазақстан халқына бағыт сілтейтін маңызды құжатқа айналады деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Ел Президенті Конституция — кез келген елдің ең басты жол көрсететін құжаты, темірқазығы екенін тілге тиек етті.

— Конституцияны бәріміз білуіміз керек, бағалауымыз қажет. Сондықтан егер болашақта Конституцияға қандай да бір өзгерістер, тіпті шағын өзгерістер енгізу керек болып жатса, ондай қадамды тек референдум арқылы ғана жасауға болады деген ойдамын. Бұл да

халқымыздың азаматтық құқығын күшейтудің маңызды тәсілі деп сенемін.

Тағы бір айта кететін маңызды жайт: Комиссия Конституцияға қатысты ұсыныстың бәрін мұқият саралап шықты. Мұқият ойластырылған түзетулер Конституцияның барлық негізгі бөлімдері мен баптарын, преамбуласын түгел қамтитын болады. Кешегі отырыстағы пікірталаста Комиссия мүшелері «Ата Заңға енгізілетін өзгерістер ауқымына қарасақ, жана Конституция қабылдауымыз керек» деген байлам жасады. Шын мәнінде, ұсынылған түзетулер жобасы елді институционалдық-құқықтық тұрғыда жаңғыртумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге бұл қадам тұтас мемлекеттік жүйені қайта түзуге жол ашады. Түбірімен өзгерген мүлдем жана құжаттың бейнесі қалыптасты.

Ата Заңымызда жарқын болашаққа нық қадам басқан бүгінгі Қазақстанның тұғыры әбден бекіген мемлекет ретіндегі идеалдары, қағидаттары мен басымдықтары көрініс табады. Әрине, қолданыстағы Ата Заң Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуына елеулі үлес қосты. Мұны ешкім жокқа шығармайды. Сондықтан былтырғы 30 тамызда Конституцияның 30 жылдығын кеңінен атап өттік, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, комиссия мүшелері ұсынған заңнамалық ережелерде адам құқықтары бөрінен жоғары тұратыны және адам капиталы ең қымбат құндылық екені айқын көрсетілген. Сондай-ақ әр азаматтың өз әлеуетін іске асыруға теңдей мүмкіндік беретін әділ қоғам құруды көздейді.

— Ғылым-білім, инновация салаларын дамытудың маңызына ерекше назар аударылып отыр. Жаңа тарихи кезеңде еліміздің цифрлық дәуірге бейімделуі жеткіліксіз. Жасанды интеллект және басқа да озық технологиялар біздің қоғамға қызмет етуі қажет. Сондықтан даму көшінің бағытын нақты айқындауымыз керек. Ата Заңымызда адамгершілік құндылықтарды ерекшелеп, бөлек жазу ұсынылды. Бұл да — өте маңызды. Басқаша айтқанда, адам жасанды интеллектіге қызмет етпейді, керісінше, адамзаттың ақыл-ойынан

туындаған жасанды интеллект тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында толайым табысқа жетуі үшін азаматтарға көмектеседі.

Конституцияда гуманитарлық құндылықтарды қалыптастыру маңызды деп санаймын. Атап айтқанда, жалпыұлттық бірегейлікті нығайтуға, табиғатты аялауға басымдық беру жөнінде сөз қозғап отырмыз. Бұл мәселе бүгінгі баяндамашылардың сөзінде қамтылды. Идеяларыңызды қолдаймын. Сонымен қатар бай мәдени мұрамызды сақтауға, дәріптеуге бағытталған волонтерлеріміздің қызметін де қуаттаймын. Конституцияға енгізілетін өзгерістер еліміздің дамуын жана әрі сапалы деңгейге көтереді. Бүкіл мемлекеттік жүйені қайта құрып, билік пен қоғамның ықпалдастығын жетілдіре түседі. Ұсынылған түзетулердің ішінде жауапты әрі жасампаз отаншылдық туралы идея бар. Патриотизм — құр ұран емес. Бұл қасиетті ұғымға жауапкершілікпен қараған абзал. Мен бұл жайында жақында өткен Ұлттық құрылтай отырысында айтқан болатынымын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, отаншыл азамат дегеніміз — жауапкершілігі жоғары және жасампаз азамат.

— Мен еліміздегі әрбір еріктіні — баршаныңды дәл осындай нағыз отаншыл азаматтар деп санаймын. Жауапты әрі жасампаз патриотизм идеясы әрбір волонтердің жанына жақын. Менің бұған еш күмәнім жок. Әрбір азамат өзінің және қоғамның игілігі жолында күнделікті адал еңбек етіп, әлемді жақсарту түсуге ұмтылуға тиіс. Отанға деген шынайы сүйіспеншілік — осы.

Танымал қоғам қайраткері пастор Мартин Лютер Кинг «I have a dream», яғни «Менің де арманым бар» деген еді. Сондықтан «мына әлемді жақсарту түсемін» деп арманданыңдар. Мұраттарыңызға жетесіздер деп ойлаймын, — деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Президент әлемде түрлі қалыңдар мен шиеденістер ұшығып, болашақты болжау қиынға соғып жатқанын жеткізді.

— Соған қарамастан еліміз өсіп-өркендеп келеді. Біз табанды еңбектің арқасында барлық мақсат-мұраттарымызға жетеміз. Кез келген сын-кәтерге төтеп береміз. Өскелең ұрпақтың көзі ашық, көкірегі ояу, ұқыпты, тәртіпті, жинақы болғаны, жақсы мен жаманды айыра білгені айрықша маңызды.

Тағы да атап өткім келеді: мен халқымыздың, әсіресе жас буынның күш-жігеріне, жасампаз рухына сенемін. Қазақстан — біздің жалғыз Отанымыз, бәріміздің қастерлі мекеніміз. Елімізді ешкім сырттан келіп көркейтп бермейді. Қазақстанның мықты, қуатты, озық болғаны тек бізге ғана керек. Сүйікті Отанымызды көркейту, яғни Заң мен тәртіп үстемдік құрған, Әділетті, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру — баршамызға ортақ міндет. Осы міндетті орындау үшін бәріміз бір қоғам болып еңбек етейік, достар, — деп түйіндеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

РЕФОРМА

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

2026 жылғы 30 қаңтар
ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ

Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің unitарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмай-тынын нақтылап, Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстан Республикасының Ата Заңын — осы Конституцияны қабылдаймыз.

I БӨЛІМ

Конституциялық құрылыс негіздері

1-бап

Қазақстан Республикасы — демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы — адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы — унитарлы мемлекет. Басқару үлгісі — президенттік республика.
2. Қазақстан Республикасының Егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, бөлінбеуін, оған қол сұғылмауын қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы конституциялық заңда айқындалады.
4. Қазақстан Республикасының елордасы — Астана қаласы. Елорда мәртебесі заңда айқындалады.
5. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атауларының мәні бірдей.
6. Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді.

3-бап

1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын орнықтыру; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.
2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды.

4-бап

1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі — Қазақстан халқы.
2. Халық билікті жалпыхалықтық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүргізеді, сондай-ақ өз билігін мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.
3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кету заңмен қудаланады. Халық пен мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Президенті, сондай-ақ конституциялық өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының Құрылтайы әрекет етеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттік шегінде мемлекет атынан әрекет етеді.

4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас және ол заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөліну, өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.

5-бап

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы — Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарт міндеттемелерінің нормалары.
2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады.
3. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарды қолдану тәртібі заңдарда айқындалады.
4. Барлық заңдар мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы — оларды қолданудың міндетті шарты.
5. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайды. Жаңа заң бұрын жасалған құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоятын немесе жеңілдететін болса, жаңа заң қолданылады.
6. Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында конституциялық заңдарға сәйкес қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі белгіленуі мүмкін. Осы арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін көздеуі мүмкін.

6-бап

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандық танылады. Мемлекеттік органда саяси партия ұйымын құруға жол берілмейді.
2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең. Мемлекеттің қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік орган функцияларын жүктеуге жол берілмейді.
3. Мақсаты немесе әрекеті конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын және қоғамдық тәртіпті бұзуға, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестік құруға және оның қызметіне, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген жасақ құруға тыйым салынады.
4. Басқа мемлекеттің саяси партиясы мен кәсіптік одағының, діни негіздегі саяси партияның қызметіне жол берілмейді, сондай-ақ саяси партия мен кәсіптік одақты шетелдік заңды тұлғаның, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамның, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаның, шет мемлекет пен халықаралық ұйымның қаржыландыруына жол берілмейді.
5. Коммерциялық емес ұйымның шет мемлекеттен, халықаралық және шетелдік заңды тұлғадан, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамнан алатын ақша қаража-

тының қозғалысы және активтері туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашық әрі қолжетімді болуға тиіс.

7-бап

1. Дін мемлекеттен бөлек.
2. Қазақстан аумағында діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол конституциялық құрылыс негіздерін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығын және қоғамның адамгершілік болмысын қорғау мақсатында шектелуі мүмкін.

8-бап

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және тең қорғалады.
2. Меншікті пайдалану қоғам мен мемлекет игілігіне қызмет етуге, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге, басқа тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелері құқықтарының көлемі мен шегі, оларды қорғау кепілдіктері заңда айқындалады.
3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халықтың атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

9-бап

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.
3. Мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасауға қолдау көрсетеді.

10-бап

1. Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын құрметтейді, мүдделі мемлекеттермен бейбітшілік пен ынтымақтастықты, олардың ішкі ісіне араласпауды, халықаралық дауды бейбіт жолмен шешуді көздейтін сыртқы саясат жүргізеді.

11-бап

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері — Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі конституциялық заңда белгіленеді.

II БӨЛІМ

Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер

12-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес беріледі және тоқтатылады, ол берілген негізіне қарамастан бірыңғай және тең.
2. Қазақстан Республикасының азаматын өз азаматтығынан айыруға, азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерге аластатуға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыс жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін сот шешімімен ғана жол беріледі.
3. Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейді. Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады.

13-бап

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматы шет мемлекетке берілмейді.
2. Қазақстан Республикасы өз азаматарын ел аумағынан тыс жерде заңға сәйкес қорғауға кепілдік береді.

14-бап

1. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.
2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан тиесілі, олар абсолютті және олардан ешкім айыра алмайды.
3. Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен міндеттері бар.
4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда көзделген жағдайда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының азаматы үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.
5. Құқықтар мен бостандықтарды іске асыру басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға және бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылыс негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс.

15-бап

1. Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар. Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы.
2. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.
3. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес білікті заң көмегін алу құқығы танылады.

16-бап

1. Заң мен сот алдында бәрі тең.
2. Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.

17-бап

1. Өмір сүру құқығы — әр адамның абсолютті және ажырамас құқығы.
2. Ешкімнің өз бетімен адам өмірін қиюға құқығы жоқ.
3. Өлім жазасына тыйым салынған.

18-бап

1. Әр адамға жеке басына тиіспеу құқығына және жеке бос бостандығы құқығына кепілдік беріледі.
2. Сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды. Күзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шағым жасау құқығы беріледі.
3. Әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негізі мен құқықтары түсіндіріледі.
4. Ұсталған адамның, күдіктінің, айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар.

(Жалғасы 4-5-беттерде)

РЕФОРМА

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Басы 3-бетте)

19-бап

1. Занды күшіне енген сот үкімімен адамды кінәлі деп танымайынша, ол жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі емес деп саналады.

2. Ешкім өз-өзіне, жұбайына (зайыбына) және заңда айкындалған жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес.

Діни қызметшілер өздеріне сеніп, сырын ашқан адамдарға қарсы қуәлік етуге міндетті емес.

3. Адамды дәл сол құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға тыйым салынады.

20-бап

1. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне тиісуге болмайды және олар заңмен қорғалады.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жәбірлеуге және жазалауға болмайды.

21-бап

1. Жеке өмірге қол сұқпау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.

2. Банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдарының, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен ғана жол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әр адамға өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжатпен, шешіммен және ақпарат көзімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

22-бап

1. Әр адам өзінің қай ұлтқа жататынын айқындауға, оны көрсетуге не көрсетпеуге құқылы.

2. Әр адамның ана тілі мен төл мәдениетін қолдануға, қарым-қатынас жасау, тиісінше беру, оқу мен шығармашылық тілін еркін таңдауға құқығы бар.

23-бап

1. Сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі.

2. Зияткерлік меншік заңмен қорғалады.

3. Мемлекеттік құпияларды қоспағанда, еркін ақпарат алу және тарату құқығы заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен іске асырылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айкындалады.

4. Сөз еркіндігі және ақпарат тарату басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс.

5. Цензураға тыйым салынады.

6. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуді, аумақтық тұтастығына, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне қол сұғуды, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қақтығысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зом-

былықты насихаттауға, сондай-ақ арандату әрекетіне және оған шақыруға жол берілмейді.

24-бап

1. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әр адамның ел аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жерін еркін таңдауға құқығы бар.

2. Әр адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуға құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына кедергісіз оралуға құқығы бар.

25-бап

1. Әр адамның ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын пайдалану жалпыадамзат пен азамат құқықтарын, мемлекет алдындағы міндеттерді шектемеуге тиіс.

26-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестік құру бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестік қызметі заңмен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, құқық қорғау органы және арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері мен жұмыскерлері, әскери қызметшілер саяси партия мен кәсіптік одақта болуға, қандай да бір саяси партияны немесе қоғамдық-саяси қозғалысты қолдауға не сыни пікір білдіруге құқылы емес.

27-бап

1. Әр адамның еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Мәжбүрлі еңбекке тартуға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін адамды кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде, не төтенше жағдайда, не соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек жағдайлары құқығына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітудің сыйақы алу, сондай-ақ заңға сәйкес әлеуметтік қорғалу құқығына кепілдік береді.

3. Заңда белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы танылады.

4. Тынығу, жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс және мереке күндері, ақы төленетін демалыс құқығына заңмен кепілдік беріледі.

28-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны қарап-тексеруге, тінтуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында өз азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына баспана заңда белгіленген нормаларға сәйкес беріледі.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды түрде алған кез келген мүлкіне жеке меншік құқығы болады.

2. Меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

3. Сот шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген айрықша жағдайда мемлекет мұқтажы үшін мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға оның

тең құны өтелген кезде жол беріледі.

4. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік қызмет бостандығы құқығына, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалану құқығына кепілдік береді. Монополистік қызмет заңмен реттеледі немесе шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

30-бап

1. Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады.

2. Неке — еркек пен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркеген ерікті және тең құқықты одағы.

3. Балаға қамқорлық жасау және тәрбие беру ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

4. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

31-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматына жалақы мен зейнетақының ең төмен мөлшеріне кепілдік беріледі, сондай-ақ жасына, науқастануына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты және өзге де заңды негіз бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беріледі.

2. Қазақстан Республикасында ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың өзге де үлгілерін және қайырымдылық жасау қолдау табады.

32-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары ақы төлемей, заңда белгіленген тәртіппен медициналық көмек алуға құқылы.

3. Мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысатын тұлғалардан ақылы медициналық көмек алу заңда белгіленген негізде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

33-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік оқу орындарында ақы төлемей бастауыш және орта білім алуына кепілдік беріледі. Бастауыш және орта білім міндетті.

2. Қазақстан Республикасы азаматының заңға сәйкес мемлекеттік жоғары оқу орындарында конкурс негізінде жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңда белгіленген негізде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Барлық оқу орнының қызметі осы стандарттарға сәйкес келуге тиіс.

5. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие беру жүйесі зайырлы сипатқа ие.

34-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті.

2. Мемлекет адамның өмір сүруіне және денсаулығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді.

3. Адам өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін фактілерді, мән-жайларды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

35-бап

Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт жиналыс, митинг, демонстрация өткізуге құқығы бар. Бұл құқықты пайдалану конституциялық құрылыс негіздерін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың

денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында шектелуі мүмкін.

36-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініш жолдауға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар.

3. Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауға, жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға қатысты кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлануға құқығы жоқ.

4. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар заңға сәйкес лауазымдық міндетіне ғана қатысты болады.

37-бап

1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

2. Әр адам Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

38-бап

Занды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу — әр адамның борышы мен міндеті.

39-бап

1. Қазақстан Республикасын қорғау — оның әр азаматының қасиетті парызы мен міндеті.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызметті заңда белгіленген түрде және көзделген тәртіппен өткереді.

40-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұраның сақталуына қамқор болуға, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға міндетті.

41-бап

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылыс негіздерін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында тек заңмен және қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін.

2. Этносаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

3. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын саяси себептермен кез келген шектеуге жол берілмейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13, 15 — 17, 20, 22, 25-баптарында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда шектелмеуге тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

III БӨЛІМ
Президент

42-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті — мемлекет басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, Қазақстан атынан ел ішінде және халықаралық қатынастарда өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Қазақстан Республикасының Президенті — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді әрі кедергісіз жұмыс істеуін, билік органдарының біртұтас Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

43-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентін Қазақстан Республикасының көмекке толған азаматтары конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлана алмайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті болып тумысынан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын, жоғары білімі бар және мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымда кемінде бес жыл жұмыс істеген Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауы оның өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан кешіктірілмей өткізіледі және Қазақстан Республикасы Құрылтайының жаңа құрамын сайлау мерзімімен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

4. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу пайызынан астам дауысын алған кандидат сайланды деп саналады. Кандидаттардың ешқайсысы елу пайыздан астам дауыс санын ала алмаса, ең көп дауыс санын алған екі кандидат қайта дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауыс санын алған кандидат сайланды деп саналады.

5. Осы баптың I-тармағының ережелері өзгермейді.

44-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, өзіме жүктелген Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», — деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.

2. Ант беру сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының, Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты судьяларының, экс-Президенттерінің, сондай-ақ қоғам өкілдері мен шақырылған шетел азаматтарының қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 51-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігінің дендеуіне немесе лауазымынан кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап жеті күн ішінде ант береді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Президенті қызметіне кірскен сәттен бастап, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігінің дендеуіне немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған жағдайда тоқтатылады. Қызметінен кетірілгендерден басқа, Қазақстан Республикасының барлық бұрынғы Президенттерінің Қазақстан Республикасының экс-Президенті атағы болады.

45-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

2. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болуға құқылы емес.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметші лауазымында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшы лауазымында болуға құқылы емес.

46-бап

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жолдау жасайды;

2) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындайды; Қазақстан Республикасының Вице-Президентін лауазымынан босатады, оның өкілеттігін айқындайды.

Құрылтай Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындауға келісім беруден қайта бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратады;

3) Қазақстан Республикасы Құрылтайының кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды; Құрылтайдың бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақырады; Құрылтай ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді немесе заңды не оның жекелеген баптарын қайта талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;

4) Құрылтайда өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациядан кейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кандидатурасын келісім беру үшін Құрылтайдың қарауына ұсынады; депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындайды; Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін лауазымынан босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкімет құрылымын айқындайды; Құрылтаймен консультациядан кейін Премьер-Министр ұсынған Үкімет мүшелерін тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін лауазымынан босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; аса маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді.

Құрылтай Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындауға келісім беруден қайта бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратады;

5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Жоғарғы Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын,

Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Мемлекеттік күзет қызметінің бастығын, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді тағайындайды және оларды лауазымынан босатады;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын тағайындайды және лауазымынан босатады;

7) Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдік басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

8) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Конституциялық Соттың он судьясын сегіз жыл мерзімге, Орталық сайлау комиссиясының алты мүшесін бес жыл мерзімге, Жоғары аудиторлық палатаның сегіз мүшесін бес жыл мерзімге тағайындайды; оларды лауазымынан босатады.

Құрылтай Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауға келісім беруден қайта бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратады;

9) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және лауазымынан босатады;

10) жалпыхалықтық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды;

11) адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің Егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету үшін Конституциялық Сотқа күшіне енген заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 93-бабында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы өтініш жібереді;

12) Қазақстан Республикасының атынан келіссөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға қол қояды; ратификациялық грамоталарға қол қояды; Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің, сондай-ақ халықаралық ұйым басшыларының сенім және кері шақыру грамоталарын қабылдайды;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын, құрметті атақтарды белгілейді;

14) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттайды, құрметті атақтарды, жоғары әскери атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді;

15) Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселесін, саяси баспана беру мәселесін шешеді;

16) кешірім беруді жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, ішкі саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне тікелей қатер төнсе және бұл мемлекеттік конституциялық органдардың жұмыс істеуін бұзуға алып келсе, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және Құрылтайының Төрағасымен ресми консультациядан кейін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе жекелеген аймақтарында төтенше жағдай енгізуді, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, осы мән-жайлар талап ететін шараларды қабылдайды;

18) Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген аймақтарында әскери жағдай енгізеді, ішінара не жалпы жұмылдыру жариялайды, бұл жөнінде

Қазақстан Республикасының Құрылтайына дереу хабарлайды;

19) өзіне бағынатын Мемлекеттік күзет қызметін құрады;

20) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін құрады;

21) Қауіпсіздік Кеңесін, өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесін құрады;

22) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

47-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, ол уақытша болмаған кезеңде Қазақстан Республикасының конституциялық заң күші немесе заң күші бар жарлықтар шығарады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін заңдарға Құрылтай Төрағасы мен Премьер-Министр алдын ала қол қояды және оларға заңдардың Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

Үкімет бастамасымен шығарылатын Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне Премьер-Министр алдын ала қол қояды және оған актілердің Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

48-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентіне, оның ар-намысы мен кәдір-қасиетіне тиісуге болмайды.

Мемлекетке опасыздық жасауды қоспағанда, Президент өкілеттігін атқару барысындағы әрекеті үшін Қазақстан Республикасының Президенті қылмыстық және өкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, қызмет көрсету және күзету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының экс-Президенттеріне де қолданылады.

49-бап

1. Қазақстан Республикасының Вице-Президентін депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Қазақстан Республикасы Құрылтайының келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

2. Қазақстан Республикасының Вице-Президенті өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

3. Қазақстан Республикасының Вице-Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болуға құқылы емес.

4. Қазақстан Республикасының Вице-Президенті:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен халықаралық аренада Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді;

2) Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің атынан өкілдік етеді;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағарту ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

4) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

РЕФОРМА

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Басы 5-бетте)

50-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына өтініш беру арқылы өз еркімен орнынан түсуге құқылы. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты бұл өтінішті Қазақстан Республикасы Президентінің өзі және өз еркімен бергенін растайды. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты қорытынды берген сәттен бастап Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне байланысты лауазымынан босатылды деп саналады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті денсаулығына байланысты өз міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда мерзімінен бұрын лауазымынан босатылуы мүмкін. Бұл жағдайда Құрылтай депутаттардан және медицинаның тиісті салаларындағы мамандардан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешімді Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшінші дауысымен комиссияның қорытындысы және конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Сот қорытындысы негізінде қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезіндегі әрекеті үшін мемлекетке опасыздық жасағанда ғана жауапты болады және бұл үшін Құрылтай оны қызметінен кетіруі мүмкін. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп айыптау және оны тергеп-тексеру туралы бастаманы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірі ұсынады. Бұл мәселе бойынша шешімді Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдайды. Құрылтай тағылған айыпты тергеп-тексеруді ұйымдастырады және оның нәтижелері Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай отырысының қарауына шығарылады. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім Жоғарғы Соттың айып тағудың негізділігі туралы қорытындысы және Конституциялық Соттың белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы болған жағдайда Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшінші дауысымен қабылданады. Айып тағылған сәттен бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылданбаса, Қазақстан Республикасының Президентіне қарсы тағылған айып қабылданбады деп саналады. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың кез келген сатыда қабылданбауы осы мәселені қарауға бастамашы болған Құрылтай депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға алып келеді.

4. Қазақстан Республикасының Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе Құрылтайдың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін қарау кезеңінде ұсынылмайды.

51-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігінің дендеуіне немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты лауазымынан мерзімінен бұрын босатылған, сондай-ақ ол қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының Вице-Президентіне өтеді; Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің денсаулық жағдайына немесе жеке сипаттағы өзге де себептерге байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі

Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасына өтеді; Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін Қазақстан Республикасы Құрылтайы Төрағасының қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне өтеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдаған тұлға Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы өтініш береді. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты осы тұлғаның Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы өтінішті өз еркімен бергенін растайды және тиісті қорытынды береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Вице-Президент, Құрылтай Төрағасы, Премьер-Министр өкілеттігін доғарады. Бұл жағдайда бос мемлекеттік лауазымдарға орналасу Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігінің дендеуіне немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты лауазымынан мерзімінен бұрын босатылған не қайтыс болған күннен бастап жеті күн ішінде Қазақстан Республикасының Құрылтайы Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу туралы жариялайды. Сайлау Қазақстан Республикасының Құрылтайы тиісті шешім қабылдаған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасауға, сондай-ақ Құрылтайды таратуға құқылы емес.

IV БӨЛІМ
Құрылтай

52-бап

1. Қазақстан Республикасының Құрылтайы — Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган.

2. Құрылтайдың өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және жанадан сайланған Құрылтайдың бірінші сессиясы жұмысын бастаған кезде аяқталады.

3. Құрылтайдың өкілеттігі Конституцияда көзделген жағдайда және онда белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Құрылтайдың ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңда айқындалады.

53-бап

1. Құрылтай конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорциялы өкілдік жүйесі негізінде сайланатын бір жүз қырық бес депутаттан тұрады.

2. Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі — бес жыл.

54-бап

1. Құрылтай депутаттары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Құрылтай депутаттарының кезекті сайлауы жұмыс істеп тұрған Құрылтай шақырылымының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

2. Құрылтай депутаттарының кезектен тыс сайлауы Құрылтайдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, оның аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан, жиырма бес жасқа толған адам Құрылтай депутаты бола алады.

4. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау конституциялық заңмен реттеледі.

5. Құрылтай депутаттары Қазақстан халқына ант береді.

55-бап

1. Құрылтай депутаттары оның жұмысына қатысуға міндетті. Құрылтайда депутаттың жеке өзі дауыс береді. Депутат Құрылтай мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себепсіз үш реттен артық қатыспаса, сол сияқты дауыс беру құқығын басқаға берсе, бұл заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға алып келеді.

2. Құрылтай депутаты басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа акы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқылы емес. Осы талаптарды бұзу депутаттың өкілеттігін тоқтатуға алып келеді.

3. Құрылтай депутатын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын өкімшілік жазалауға не қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Құрылтай депутатының өкілеттігі депутат орнынан түскен, қайтыс болған, заңды күшіне енген сот шешімімен әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайда тоқтатылады.

Құрылтай депутаты:

1) Қазақстаннан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;

2) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

4) өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

5) өзін сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде мандатынан айырылады.

Құрылтай депутаттарының өкілеттігі Құрылтай таратылған жағдайда тоқтатылады.

5. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың осы баптың 2-тармағының талаптарын және депутаттық этика қағидаларын сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және депутатқа тиіспеу кепілдігінен айыруға байланысты мәселелерді дайындау Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

56-бап

Құрылтай:

1) конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдайды;

2) Қазақстан Республикасының Президенті қарсылық білдірген заңдарды немесе заң баптарын қарсылық жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайта талқылап, дауысқа салады. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылығының қабылданғанын білдіреді. Егер Құрылтай конституциялық заңдар немесе конституциялық заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының төрттен үшінші дауысымен, ал заңдар немесе заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісін дауысымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға және заңға қол қояды. Егер Президенттің

қарсылығы еңсерілмесе, конституциялық заң және заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп саналады;

3) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын жариялайды;

6) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындауға келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындауға келісім береді;

9) Президенттің Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларын, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының мүшелерін тағайындауына Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен келісім береді;

10) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлайды және лауазымынан босатады, олардың антын қабылдайды;

11) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларын, Жоғарғы Сотының судьяларын тиіспеу кепілдігінен айырады;

12) Құрылтай депутатының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуы бойынша Құрылтай депутатын тиіспеу кепілдігінен айыру мәселелерін шешеді;

13) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасымен Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруге құқылы;

14) Конституциялық Соттың Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

15) жылына екі рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін тыңдайды;

16) Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылайды және бекітеді. Құрылтайдың республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкімет есебін бекітпеуі Құрылтайдың Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруі деп саналады;

17) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасымен Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің өз қызметі жөніндегі есептерін тыңдауға құқылы. Қазақстан Республикасының заңдары орындалмаған жағдайда есепті тыңдау қорытындысы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісін дауысымен Қазақстан Республикасының Президентіне Үкімет мүшесін лауазымынан босату туралы өтініш қабылдауға құқылы. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Үкімет мүшесін лауазымынан босатады;

18) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тыңдау өткізеді;

19) өз қызметінің регламентін және Құрылтайдың жұмысын ұйымдастыруға, ішкі тәртіптемесіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешім қабылдайды;

20) Құрылтайдың үйлестіру органын және жұмыс органдарын құрады;

21) Құрылтай комиссияларын құрады, төрағаларын сайлайды және лауазымынан босатады, комиссиялардың қызметі туралы есепті тыңдайды;

РЕФОРМА

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

22) Құрылтайға Конституцияда жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

57-бап

1. Құрылтайды мемлекеттік тілді жетік менгерген депутаттар арасынан Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы сайланған Төраға басқарады. Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратады.

2. Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда Құрылтай Төрағасы лауазымынан кері шақырылуы, сондай-ақ орнынан түсуі мүмкін.

3. Құрылтай Төрағасы:

1) Құрылтай отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;

2) Құрылтайдың қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылық етеді;

3) Құрылтай Төрағасының орынбасарлары лауазымына сайлау үшін Құрылтайға кандидатуралар ұсынады;

4) Құрылтайдың қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Құрылтайдың үйлестіру органының қызметіне басшылық етеді;

6) Құрылтай шығаратын актіге қол қояды;

7) өзіне Құрылтай регламентімен жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай Төрағасы Құрылтай сессиясын ашады.

5. Құрылтай Төрағасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкім шығарады.

58-бап

1. Құрылтай сессиясы отырыс түрінде өткізіледі.

2. Құрылтайдың бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай сайлауының қорытындысы жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Құрылтайдың кезекті сессиясы жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен маусымның соңғы жұмыс күніне дейін өткізіледі.

4. Құрылтай сессиясын, әдетте, Қазақстан Республикасының Президенті ашады және сессия Құрылтай отырысында жабылады. Құрылтай сессиялары арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен, Құрылтай Төрағасының немесе Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады.

5. Құрылтай отырыстары Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Құрылтай отырысы ашық өтеді. Регламентте көзделген жағдайда отырыс жабық өткізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Премьер-Министрдің және Үкімет мүшелерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырысқа қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

59-бап

1. Құрылтай конституциялық заңда саны айқындалған тұрақты комитеттер, сондай-ақ комиссиялар құрады.

2. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

3. Комитеттер мен комиссияларды құру тәртібі, олардың өкілеттігі және қызметін ұйымдастыру заңда айқындалады.

60-бап

1. Заң шығаруға бастама жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке, Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі және тек қана Құрылтайда іске асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті заң жобаларын қараудың басымдығын айқындауға құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдануға тиіс дегенді білдіреді.

3. Құрылтай:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтық құқықтар мен бостандықтарға, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауаптылығына;

2) меншік режиміне және өзге де заттық құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге немесе олардың күшін жоюға;

5) республикалық бюджетке, мемлекеттік қарыз, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсету мәселелеріне;

6) сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелеріне;

7) рақымшылық мәселелеріне;

8) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

9) кәсіпорындарды және олардың мүлкін жекешелендіруге;

10) қоршаған ортаны қорғауға;

11) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысына;

12) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне;

14) халықаралық шарттарды ратификациялауға және денонсациялауға қатысты аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негіз құраушы қағидаттар мен нормаларды белгілейтін заң шығаруға құқылы.

4. Құрылтай халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіптің қорғалуына, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасымен енгізілген заң жобаларын дереу қарауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі өзіне жауапкершілікті ала отырып, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық акт қабылдауға құқылы. Мұндай акт Құрылтай қабылдаған заң күшіне енгенге дейін немесе Құрылтай заң жобаларын қабылдамай тастағанға дейін қолданыста болады.

5. Құрылтай қабылдаған заң он күн ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылады.

Құрылтай заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен тұтастай қабылдамауға құқылы. Мұндай жағдайда заң жобасы қабылданбады деп саналады және бастамашыға қайтарылады.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Құрылтайға енгізілетін заң жобалары үшін мұндай қорытынды талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы. Бұл мәселе сенім білдіру мәселесі қойылғаннан бастап қырық сегіз сағаттан кейін ғана дауысқа салынады. Егер

сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысын алмаса, заң жобасы дауысқа салынбастан қабылданды деп саналады. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

61-бап

1. Құрылтай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар заң мен қаулы қабылдайды.

2. Заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

3. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай заңды депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдайды.

Егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Заң жобалары бойынша кемінде үш оқылым өткізу міндетті.

6. Заңдар, Құрылтай қаулылары Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмеуге тиіс. Құрылтай қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

7. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі заңмен және Құрылтай регламентімен реттеледі.

62-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консультациядан кейін Құрылтайды таратады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай келісімімен тағайындалатын лауазымға Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Құрылтайды таратады.

3. Құрылтайды төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ алдыңғы таратудан кейінгі бір жыл ішінде немесе Конституцияның 51-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайда таратуға болмайды.

V БӨЛІМ
Үкімет

63-бап

1. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық етеді.

2. Үкімет — алқалы орган, ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Құрылтайдың алдында жауапты.

3. Үкімет мүшелері Конституцияның 56-бабының 17) тармақшасында көзделген жағдайда Құрылтайға есеп береді.

4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

64-бап

1. Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныс енгізеді.

3. Үкімет мүшелері Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне ант береді.

65-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ісінің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) Құрылтайға республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу шараларын әзірлейді;

6) министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді;

7) Қазақстан Республикасының министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің қолданысын толық немесе бір бөлігінде жояды не тоқтата тұрады;

8) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық орган үшін қаржыландырудың және қызметкерлерге еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен бекітеді;

9) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

66-бап

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

1) Үкімет қызметін ұйымдастырады және басқарады, оның жұмысы үшін дербес жауап береді;

2) Үкімет қаулысына қол қояды;

3) Үкімет қызметінің негізгі бағыттарын жөнінде және оның барлық аса маңызды шешімдері туралы Президент пен Құрылтайға баяндайды;

4) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басқаруға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

67-бап

1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде дербес шешім қабылдайды және өзіне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында дербес жауап береді. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны іске асырмайтын Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не лауазымынан босатылуға тиіс.

2. Үкімет мүшелері өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ заңнамаға сәйкес өзінің лауазымдық міндеттері болатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқылы емес.

68-бап

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулы шығарады.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар өкім шығарады.

3. Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

(Жалғасы 8-9-беттерде)

РЕФОРМА

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Басы 7-бетте)

69-бап

1. Үкімет жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Құрылтайы алдында өз өкілеттігін доғарады.

2. Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі орындау мүмкін емес деп есептесе, Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы өтініш беруге құқылы.

3. Құрылтай Үкіметке сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда Үкімет Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы өтініш береді.

4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Қазақстан Республикасының Президенті он күн ішінде қарайды.

5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті оған міндеттерін одан әрі атқаруды тапсырады.

7. Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін лауазымынан босатуға құқылы. Премьер-Министрді лауазымынан босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

VI БӨЛІМ

Қазақстан Халық Кеңесі

70-бап

1. Қазақстан Халық Кеңесі — Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.

2. Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.

3. Қазақстан Халық Кеңесін құру, оның құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттігі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады.

71-бап

Қазақстан Халық Кеңесі:

1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары;

қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту;

Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;

2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;

3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

VII БӨЛІМ

Конституциялық Сот

72-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты — конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган.

2. Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады, олардың өкілеттігі — сегіз жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот судьясы болып тағайындалмайды.

3. Конституциялық Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және ол өкілеттік мерзімі ішінде Конституциялық Сот судьясы да болады.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

4. Конституциялық Сот судьяларын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьялары арасынан Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Конституциялық Сот судьясының депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

6. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі ішінде тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

7. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы және қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

73-бап

1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туындаған жағдайда Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын және жалпыхалықтық референдум өткізудің дұрыстығы мәселесін шешеді;

2) Президент қол қойғанға дейін Құрылтай қабылдаған заңдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды;

3) Құрылтай қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

5) халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің орындалуының Конституцияға сәйкестігін қарайды;

6) Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді;

7) Конституцияның 50 және 51-баптарында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

2. Конституциялық Сот Конституцияның 46-бабының 11) тармақшасында көзделген жағдайда — Президенттің өтініштерін, сондай-ақ Конституцияның 79-бабында белгіленген жағдайда соттардың өтініштерін қарайды.

3. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституцияда көзделген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Бас Прокурордың өтініші бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.

74-бап

1. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуі, Құрылтайдың сайланған депутаттарын тіркеу не жалпыхалықтық референдум қорытындысын шығару тоқтатыла тұрады.

2. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісті актілерге қол қою не оларды ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімде шығарады.

75-бап

1. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не ратификацияланбайды және олар қолданысқа енгізілмейді.

2. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап қолданысын тоқтатады және қолданылмауға тиіс.

Конституциялық Соттың түсіндірмесінде Конституцияға сәйкес келеді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот шешімімен орындалмауға тиіс.

3. Конституциялық Сот орындалуы Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері, оның ішінде жекелеген ережелері орындалмауға тиіс.

4. Конституциялық Сот шешімдері қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болады және оларға шағым жасалмайды.

VIII БӨЛІМ

Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері

76-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сот ісін жүргізудің заңмен белгіленген азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуге алкабилер заңда көзделген жағдайда қатысады.

3. Қазақстан Республикасының соттары — Жоғарғы Сот, заңмен құрылған жергілікті және басқа да соттар.

4. Қазақстан Республикасының сот жүйесі Конституцияда және конституциялық заңда белгіленеді. Қандай да бір атаумен болса да арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

77-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, оның міндеті — Қазақстан Республикасы азаматтарының және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету.

2. Сот билігі Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Сот шешімінің, үкімі мен өзге де қаулысының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар.

78-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асырған кезде соттың қызметіне мүлдем араласуға болмайды және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келеді. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді.

3. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде мына қағидаттарды басшылыққа алуға тиіс:

1) ешкімнің өзіне заңда көзделген соттылығын оның келісімінсіз өзгертуге болмайды;

2) сотта әр адамның өз сөзін тыңдатуға құқығы бар;

3) айыпталушы өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге міндетті емес;

4) адамның кінәлі екеніне қатысты кез келген күмән айыпталушының пайдасына қарастырылады;

5) заңсыз тәсілмен жиналған дәлелдемелердің заңды күші жоқ. Ешкімді өзінің жеке мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды;

6) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституцияда белгіленген сот төрелігінің қағидаттары Қазақстан Республикасының барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай.

79-бап

Соттар адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес.

Егер сот қолданылуға тиіс заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, ол іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.

80-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек қана заңда белгіленген негіздермен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Судьяны қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, тиісінше Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Құрылтайдың келісімінсіз оны ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

3. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

4. Судьяның депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

81-бап

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

82-бап

Жоғарғы Сот — жергілікті және басқа да соттардың қарауына жататын азаматтық,

РЕФОРМА

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

әкімшілік, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы, ол заңда көзделген жағдайда өзінің қарауына жататын сот істерін қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндіру береді.

83-бап

1. Жоғарғы Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды және ол өз өкілеттігі мерзімі ішінде Жоғарғы Сот судьясы да болады. Жоғарғы Сот Төрағасының өкілеттік мерзімі — алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Жоғарғы Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

Жоғарғы Сот судьяларын Құрылтай Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен сайлайды.

2. Жергілікті және баска да сот судьяларын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін.

4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.

84-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының прокуратурасы орталықтандырылған бірыңғай жүйені құрайды, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынады. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді.

3. Бас Прокурорды Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Бас Прокурордың өкілеттік мерзімі — алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры болып тағайындалмайды.

4. Бас Прокурорды қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Прокуратураның құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

85-бап

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде

Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.

86-бап

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның мемлекет кепілдік берген сот арқылы қорғалу құқығын және заң көмегін алу құқығын іске асыруға жәрдемдесуді көздейді. Заң көмегін адвокаттар мен өзге тұлғалар заңға сәйкес көрсетеді.

2. Адвокат қызметін жүзеге асыру тәртібі, адвокат құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы заңда айқындалады.

IX БӨЛІМ

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

87-бап

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалдың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

88-бап

1. Жергілікті өкілді органдар — мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының ерік-мүддесін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды айқындайды, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Қазақстан Республикасының азаматы бір ғана мәслихаттың депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өз қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы орган басшыларының есебін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есепті тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асыру жатады.

5. Мәслихаттың өкілеттігін Қазақстан Республикасының Президенті Премьер-Министрмен және Құрылтай Төрағасымен консультациядан кейін, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі, депутаттардың құқықтық жағдайы заңда белгіленеді.

89-бап

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүддесімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу мен олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы орган басшыларын тағайындау және лауазымынан босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру жатады.

3. Жергілікті атқарушы органды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқарады, ол Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады.

4. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін Қазақстан Республикасының Президенті облыс аумағындағы мәслихат депутаттарының немесе тиісінше астана, республикалық маңызы бар қала мәслихаты депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті кемінде екі кандидатураны ұсынады, олар дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көпшілік дауыс санын алған кандидат келісім алды деп саналады.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ лауазымынан босатылады. Қазақстан Республикасының Президенті өз ұйғаруымен астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін лауазымынан босатуға құқылы.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірін бастамасымен әкімге сенімсіздік вотумын білдіру мәселесі қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны лауазымынан босату мәселесін тиісінше астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдеріне қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің алдына не өзге де әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына қоюға құқылы. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті өз қызметіне кіріскенде тоқтатылады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі заңда белгіленеді.

90-бап

1. Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша — шешім, әкімдер шешім мен өкім қабылдайды, бұлар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орындалуға міндетті.

2. Жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейтін мәслихат шешімінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болғанда ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасына сәйкес келмейтін мәслихат шешімінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоя алады, олардың күші сот тәртібімен де жойылуы мүмкін.

91-бап

1. Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар арқылы және тұрғын саны

шағын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтарда өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына заңға сәйкес мемлекеттік функциялар берілуі мүмкін.

3. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және оның қызметі заңмен реттеледі.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне заңда белгіленген өкілеттік шегінде кепілдік беріледі.

X БӨЛІМ

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

92-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасы бойынша, Құрылтайдың, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің бастамасы бойынша қабылдаған шешіммен өткізілетін жалпыхалықтық референдумда енгізіледі.

2. Жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, жалпыхалықтық референдум өткізілді деп саналады.

3. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан Қазақстан Республикасы азаматтарының жартысынан астамы жалпыхалықтық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды жақтап дауыс берсе, олар қабылданды деп саналады.

93-бап

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулардың Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабы 6-тармағының және 43-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкестігі туралы Конституциялық Сот қорытындысы болған жағдайда олар жалпыхалықтық референдумға шығарылады.

XI БӨЛІМ

Қорытынды және өтпелі ережелер

94-бап

1. Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы референдум нәтижелері ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енеді, сол мезгілден бастап бұған дейін қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының күші жойылады.

2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке — Қазақстан Республикасының Конституциясы күні деп жарияланады.

95-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы күшіне енген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілері оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық және жергілікті мемлекеттік органдары нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру үшін қажетті шаралар қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы күшіне енген кезде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған Конституциялық Кеңестің және Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін бөлігінде заңды күшін сақтайды.

БАҒДАР

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ЦИФРЛАНДЫРУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРУ ҚАЖЕТ



«AMANAT» партиясында цифрлық даму және жасанды интеллект мәселелері жөніндегі республикалық партиялық кеңестің кеңейтілген отырысы өтті. Отырыстың негізгі тақырыбы – Цифрландыру және жасанды интеллект жылының басымдықтарын жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекетті цифрлық тұрғыда жаңғырту және азаматтардың цифрлық сауатын арттыру бойынша нақты қадамдар жасау. Талқылау барысында ИТ-қоғамдастық партияластардың ел аумағындағы әр ауданда өз ИТ-хабын құру идеясына қолдау білдірді.

Кездесуге қатысушылар Президент өз Жолдауында және Ұлттық құрылтайдың V отырысында барлық салада инновациялық цифрлық шешімдер мен жасанды интеллекті енгізу бойынша ауқымды міндеттер қойғанын атап өтті.

Өз кезегінде Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов партия Президент саясатын жүзеге асыру ісіне белсенді атсалысып келе жатқанын атап өтті. Бүгінде еліміз цифрландыру бағытында жоғары көрсет-

кіштерге қол жеткізді — БҰҰ индексіне сәйкес, Қазақстан электрондық үкіметті дамыту деңгейі бойынша 24-орында тұр.

«Цифрландыру мен жасанды интеллект — тек салалық мәселе ғана емес, тұтас елдің дамуына ықпал ететін ауқымды, серпінді бағыт. Мемлекет басшысының өзі бұл саладағы іргелі істерге тікелей бас-тамашы болып, ерекше бақылауында ұстап отыр. Жаңа цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект халқымызға, еліміздің бола-

шағына жұмыс істеуі керек. Әр азамат, әр отбасы, күллі қоғам оның пайдасын сезінуі қажет. «AMANAT» партиясы Президентіміздің қоғамдық-саяси тірегі ретінде осы жұмыстың алдыңғы шебінде жүруге тиіс», — деді ол.

Мәжіліс Спикері «AMANAT» партиясы жаңа цифрлық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бірқатар бастаманы жүйелі жүзеге асырып жатқанын атап өтті. Атап айтқанда, «Цифрлық қоғам» жобасы еліміздің барлық өңірін қамтып, цифрлық сауаттылықты арттыруға, сондай-ақ азаматтарды цифрлық технологияларды күнделікті өмірде қауіпсіз әрі саналы түрде қолдануға үйрету бағытында қолға алынып отыр. Жоба аясында тұрғындардың әлеуметтік тұрғыда осал тобына — зейнеткерлерге, көпбалалы аналарға, жұмыссыз азаматтарға және ерекше қажеттілігі бар адамдарға ерекше назар аударылады.

Өтініштерді өңдеудің бірыңғай цифрлық жүйесін енгізу және ке-

нес беру мақсатында чат-боттарды пайдалану арқылы «Қарызсыз қоғам» жобасы тың серпін алды. Тек былтырдың өзінде бұл жоба аясында 800 мыңнан астам адам оқудан өтіп, заңгерлік қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» заң әзірлеуге бастамашы болды. Бұл құжаттар Қазақстанға жасанды интеллекті, платформалық экономиканы және ауқымды деректермен жұмыс істеуді дамыту үшін заманауи құқықтық негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Талқылау барысында қатысушылар «AMANAT» партиясы цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекті енгізу ісінде мемлекет, қоғам, сарапшылар мен бизнестің күш-жігерін біріктіруге тиіс екенін атап өтті. Осы мақсатта партия жанынан цифрлық комиссар позициясын құру туралы ұсыныс айтылды. Бұл лауазымға Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева ұсынылды.

Мұндай қоғамдық лауазым цифрлық ортада азаматтардың құқығын қорғау тетігіне айналып, жаңа цифрлық жағдайда әрдайым адам жағында болады. Цифрлық комиссар еліміздің барлық өңірінде ИТ саласындағы дарынды жастарды қолдау жұмысын үйлестіріп, шалғай ауылдарды интернетпен қамту барысына бақылауды күшейтеді.

Өз кезегінде Премьер-министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев мемлекеттік және қаржы секторларындағы цифрлық трансформацияның жоғары қарқынын атап өтті. Ол тұрғындардың цифрлық сауатын

арттыру мақсатында Жасанды интеллект министрлігі мен Astana Hub ел аумағында оқыту курсы өткізу ісінде партияға қолдау көрсетуге әзір екенін мәлімдеді.

Отырыс барысында бірқатар мазмұнды ұсыныс айтылды. Мәселен, халықаралық ИТ-сарапшы Андрей Биклемишев цифрландыру ең алдымен деректер сапасы мен кадрлық әлеуетке тікелей тәуелді екенін атап өтіп, өңірлерде әлі де деректерді қолмен енгізу тәжірибесі мен маман тапшылығы сақталып отырғанына назар аударды. Қазақстанның ИТ-қауымдастығының төрағасы Айымгүл Әбілова инвестициялық ахуалды жақсарту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін кеңейту және саладағы экономикалық дауларды қылмыстық сипаттан арылту қажет екенін айтты. Қостанай облысы ақпараттандыру басқармасының басшысы Азамат Кашиевтің пікірінше, қалалардағы ірі өзгерістер алдын ала цифрлық ортада модельденіп, өңірдің бірыңғай цифрлық архитектурасына енгізілуі қажет. Солай бола тұра, «ақылды қалалар» мен «ақылды өңірлер» тұжырымдамалары әр аумақтың ерекшелігін ескеріп, бейімдеуге болатын үлгілік цифрлық шешімдер кітапханасына сүйенуге тиіс.

Кездесу қорытындысы бойынша, Қазақстанда цифрландыру мен жасанды интеллекті дамытуға қосқан үлесі үшін партия мүшелеріне, серіктестер мен сарапшыларға алғыс хаттар табысталды.

Іс-шараға Мәжіліс депутатылары, салалық ведомстволардың өкілдері, сарапшылар және цифрлық жобалардың жетекшілері қатысты. Онлайн форматта өңірлер мен партия филиалдарының өкілдері талқылауға қосылды.

АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ НАҚТЫ КӨРІНІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында еліміздің барлық өңірінде «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы жүйелі түрде жалғасын табуда. Ол ең алдымен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға, экологиялық мәдениетті нығайтуға және қоғамдық орындардағы санитарлық жағдайды жақсартуға бағыттталып отыр.

Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылында акция аясында «AMANAT» партиясының белсенділері, мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының өкілдері мен жастар қауымы ауқымды санитарлық-тазалық жұмысын жүргізді. Іс-шара барысында орталық көшелер мен алаңдар тазаланып, қар күреліп, қоғамдық орындар ретке келтірілді. Махамбет аудандық мәслихатының депутаты Ерлан Куанышевтың айтуынша, «Таза бейсенбі» — бұл жай ғана тазалық жұмысы емес, азаматтық белсенділіктің нақты көрінісі.

«Мұндай бірлескен әрекеттер тұрғындар арасында қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастырып, елді мекендердің келбетін жақсартуға ықпал етеді», — деді Ерлан Куанышев.

Елордада республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында №115 орта мектепте «Өскіннен фито-сыныпқа дейін» атты

экологиялық білім беру жобасы таныстырылды. Жоба жетекшісі Жанна Пактын айтуынша, өсімдіктерді күтіп-баптау балалардың жауапкершілігін арттырып, табиғатқа ұқыпты қарау дағдыларын ерте жастан қалыптастырады. Ал «AMANAT» партиясы Нұра аудандық филиалының атқарушы хатшысы Жанар Жакупова бұл жоба «Таза Қазақстан» бастамасын жүйелі жүзеге асырудың жарқын үлгісі екенін атап өтті.

Шымкент қаласы Еңбекші ауданында «AMANAT» партиясының қалалық филиалы ұйымдастырған кезекті «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өтті. Іс-шараға партия филиалдарының қызметкерлері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері және коммуналдық қызмет саласының мамандары — барлығы 40-қа жуық адам қатысты. Акция барысында көпқабатты тұрғын үйлердің ауалары қар мен мұздан тазартылып, тұрмыстық қалдықтар шығарылды.



Сондай-ақ Қарағанды облысы Балқаш қаласында партия белсенділері мен жастар қауымы жалғыз тұратын қарияға көмек көрсетіп, үй аумағын қардан тазалады.

«Бұндай бастамалар волонтерлік қозғалыстың дамуына ықпал етіп, ұрпақ сабақтастығы мен әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын нығайтады», — деді «AMANAT» партиясы Балқаш қалалық филиалының кеңесшісі Гүлнұр Садықбек.

Түркістан облысы Сайрам ауданындағы Қожақорған ауылында экологиялық акция Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған аллея мен Кеңес Одағының Батыры Таштемір Рүстемовтің ескерткіш тактасы аумағында өтті. Іс-шараға партия

өкілдері, мәслихат депутаттары, әкімдік қызметкерлері, коммуналдық сала мамандары және мектеп ұжымы, жалпы саны 60-қа жуық адам қатысты. Жұмыс барысында қоғамдық орын қардан тазартылып, жолдарға құм мен тұз себілді.

Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысының Самар ауылында «Самарға — 100 жыл» көшесі бойындағы ұзындығы 1,2 шақырым болатын тротуарлар қардан тазартылды. Тазалық жұмысына арнайы техника тартылып, шамамен 10 тонна қар шығарылды.

Алматы облысы Іле ауданындағы Ащыбұлақ ауылында өткен

экологиялық акция ауыл стадионы мен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткіш аумағында ұйымдас-тырылды. Іс-шараға партияның өкілдері, мәслихат депутаттары, «Жастар Рухы» белсенділері, Аналар кеңесінің мүшелері және жергілікті тұрғындар қатысты. Қатысушылар аумақты қар мен ұсақ қоқыстан тазалап, жаяу жүргіншілер жолдары мен қоғамдық кеңістіктерді ретке келтірді. Нәтижесінде, шамамен 2 тонна қоқыс шығарылды.

Ал Ұлытау облысының Қаражал қаласында белсенділер қариялардың үйлері аумағында тазалық жұмыстарын жүргізіп, отын мен көмір тасып көмек көрсетті. Бастауыш партия ұйымының мүшесі Жансая Сәдуақасованың айтуынша, үлкендерге қолғабыс ету тек азаматтық борыш емес, сонымен қатар өзара көмек көрсетуге негіз болатын маңызды адами құндылық.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында өткізілетін «Таза бейсенбі» акциясы азаматтарды біріктіріп, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастырады және тазалық пен тәртіп күнделікті өмірдің бір бөлігі болуы керектігін көрсетеді.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

TRENDS

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Бүгінгі шығармашылық индустрияда бір ғана мамандықпен алға жылжу қиын. Бұрын «монтажер», «оператор», «дизайнер» деп айқын бөлінген рөлдер қазір шартты сипат ала бастаған. Жасанды интеллектің қарқынды дамуы креаторларды тек бір құралды меңгеруге емес, тұтас процесті түсінуге, әмбебап ойлауға, бірнеше рөлді қатар атқаруға итермелеп отыр. Бұл мәселе жуырда АҚШ-тың Кремний алқабында өткен дәстүрлі Silicon Valley Video Summit жиынында талқыға түсті.

А Ботагез
МАРАТҚЫЗЫ,
Калифорния, АҚШ

ӘМБЕБАП КРЕАТОР ДЕГЕНІМІЗ КІМ?

Соңғы жылдары еңбек нарығында T-shaped skills және hybrid talent ұғымдары жиі атала бастады. Яғни, бір салада терең білімі бар, бірақ сонымен қатар бірнеше бағытта еркін бағдарлай алатын мамандар нарықта жоғары сұранысқа ие. Кейбір зерттеулерде креативті индустриядағы жұмыс орындарының шамамен 60 пайызы келесі онжылдықта дәл осындай гибрид дағдыларды талап ететіні айтылған.

Бұл үрдіс шығармашылық саласында «әмбебап креатор» бейнесінің қалыптасуына әкелді. Әмбебап креатор — бір мезетте бәрін істейтін адам емес, шығармашылық процесті тұтас түсініп, әр кезеңнің логикасын байланыстыра алатын маман. Ол идеяны ойластырумен ғана шектелмей, оны визуал шешімге айналдыруды, монтаждау мен аудиторияға жеткізу жолдарын да меңгерген.

Сарапшылардың атап өтуінше, осы өзгерістің басты қозғаушы күштерінің бірі — құралдардың «демократиялануы». Егер бұрын



АЛГОРИТМ АДАМСЫЗ АДАСАДЫ

кәсіби контент өндіру үшін қымбат техника, студия және үлкен команда қажет болса, бүгінде сол мүмкіндіктердің едәуір бөлігі кең аудиторияға қолжетімді. Сапалы монтаж, визуал эффектілер жасау немесе дыбыспен жұмыс істеу үшін енді күрделі өндірістік инфрақұрылым міндетті емес.

ЖАСАУ ОҢАЙ, ТАҢДАУ ҚИЫН

Алайда құралдардың қолжетімділігі жауапкершілікті де арттырды. Сарапшылардың пікірінше, технология мүмкіндікті тенеңсірген сайын, контенттің сапасын айқындайтын басты фактор мазмұнның тереңдігі мен ойдың салмағы болып қала береді. Осы тұрғыдан алғанда, «құралдардың демократиялануы» шығармашылықты жеңілдетіп қана қоймай, креаторға қойылатын талапты да күрделендіріп отыр.

Discord компаниясының маркетинг менеджері Дэвид Унгер бұл өзгерісті шығармашылықтағы жауапкершіліктің қайта бөлінуі ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, жасанды интеллект өндіріс пен постпродакшн арасындағы дәстүрлі шекараны жойып, шешім қабылдаудағы жүкті креаторға артты. Бұл — шы-

ғармашылық еркіндікті кеңейткенімен, қателіктің де салмағын ауырлатады.

— Жасанды интеллект креаторды техникалық орындаушыдан шешім қабылдаушы деңгейіне көтерді. Енді мәселе «қалай жасауға болады?» деген сұрақта емес, «осылай жасау керек пе?» деген ойда жатыр. Технология кадрды жасап бере алады, бейнені түзетеді, дыбысты оңтайландырады. Бірақ ол оқиғаға қызмет ете ме, көрерменге әсер ете ме, жалпы контекске сай келе ме — бұл сұрақтарға жауап бермейді. Бұл жауапты креатордың өзі табуға тиіс, — деді Унгер.

Сарапшы бұл жағдайды өзі жүретін көлікпен салыстырады. Көп жағдайда жүйе өздігінен жұмыс істейді, бірақ бір сәтте рөлді қайтадан адамның қолына алу қажет болады. Егер сол сәтке дайындық болмаса, бүкіл процесс күйреуі мүмкін. Шығармашылықта да дәл солай: автоматтандыру белгілі бір деңгейге дейін көмектеседі, ал шешуші кезеңде тәжірибе, интуиция және ойлау қабілеті алдыңғы қатарға шығады. Осы себепті бүгінгі әмбебап креатордан тек көп құралды меңгеру емес, қай жерде тоқтау керектігін, қай жерде технологияға сүйену, ал қай жерде

адамдық пайымға сену қажет екенін ажырата білу талап етіледі.

«ОЙЛАЙ АЛАТЫН» МАМАН ЖОҒАЛМАЙДЫ

Жауапкершіліктің жеке креаторға ауысуы автоматтандырудың мүмкіндігімен қатар, оның шегін де айқын көрсетті. Silicon Valley Video Summit барысында сөз алған постпродакшн саласында 25 жылдан астам тәжірибесі бар продюсер Дэн Катз жасанды интеллекттің шығармашылықтағы кезекті технологиялық толқын ретінде бағалайтынын жеткізді. Оның айтуынша, индустрия тарихында мұндай өзгерістер бұрын да болған, бірақ әр кезеңде бір заңдылық сақталған: технология алға жылжыған сайын, адам факторына деген сұраныс кемімеген, керісінше күрделене түскен.

— Мен осы күнге дейін сызықтық монтаждан бастап цифрлық форматқа көшу, үлкен онлайн бөлмелердің жойылып, шағын әрі икемді студиялардың пайда болуы сияқты кезеңдерді бастан өткердім. Сол өзгерістердің әрқайсысы кезінде «мамандықтар жоғалады» деген аландаушылық туғызған. Алайда тәжірибе көрсеткендей, құралға байланған рөлдер ғана жоғалып, «ойлай алатын» мамандар нарықта қалды. Жасанды интеллект те дәл сондай сынақ әкеліп отыр, — деді ол.

Сарапшы автоматтандыруды шексіз мүмкіндік ретінде қарастыру қауіпті екенін айтты. Себебі нағыз шығармашылықта күтпеген жағдай — қалыпты дүние. Алгоритм алдын ала болжанған сценариймен жақсы жұмыс істейді, бірақ контекст өзгерген сәтте әлсіздік танытады. Бұл әсіресе тікелей эфир, ірі іс-шаралар мен күрделі өндірістік жобаларда жиі сезіледі.

— Меніңше, ең үлкен хаос технология адамды толықтай алмастырған сәтте басталады. Мұндай жағдайда автоматтандыру «күшейткіш» емес, әлсіз тұсқа айналады. Ал керісінше, адам мен технология қатар жұмыс істегенде, нәтиже сапасы да, тұрақты-

лығы да артады. Яғни, бұл жерде мәселе технологияның бар-жоғында емес, оны қолданудың философиясында жатыр. Автоматтандыру әрдайым нақты мақсатқа қызмет етуге тиіс: қандай мәселені шешіп отырмыз, қандай тәуекелді азайтамыз және адамның ықпалы қай жерде қалуы керек? Осы сұрақтар қойылмаған жағдайда, жасанды интеллект уақытша тиімді болғанымен, ұзақ мерзімде шығармашылық сапаны әлсіретуі мүмкін, — деді сарапшы.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАЙДЫ

YouTube Creative Studio-ның аға motion-дизайнері Сэнди Фернандесио жасанды интеллектке ең прагматикалық көзқарас ұсынған спикерлердің бірі болды. Оның айтуынша, әмбебап креатор болу — барлық құралды меңгеру деген сөз емес. Керісінше, бүгінгі басты қауіп — құралдың көптігін мүмкіндіктің көптігімен шатас-тыру.

Сэнди жасанды интеллект нарығында күн сайын жаңа платформа, жаңа модель, жаңа функция пайда болып жатқанын айтады. Осындай жағдайда «бәрін меңгеремін» деген ұмтылыс креаторды дамытпайды, керісінше шаршатады. Оның пікірінше, әмбебап креатор үшін ең маңызды дағды — дұрыс сұрақ қоя білу.

— Алдымен өзіне: «Мен қандай мәселені шешіп отырмын?» деген сұрақты қою керек. Тек содан кейін ғана қай құрал керек екенін ойлаған жөн. Анимация ма, гиперреалистік видео ма, қысқа маркетингтік ролик пе — әрқайсысының өз шешімі бар. Бір құрал бәріне бірдей жарайды деген ой адастырады, — дейді Сэнди.

Сэнди Фернандесио бұл тұрғыда жасанды интеллектті «шеберлікті алмастыратын құрал» емес, оны шындайтын орта ретінде қарастыруға шақырды. Технология мүмкіндікті кеңейтеді, бірақ бағыт көрсетпейді. Ал бағыт — креатордың ішкі көзқарасынан, тәжірибесі мен дүниетанымынан туындайды. Осы себепті бүгінгі шығармашылықта шешуші фактор жылдамдық немесе автоматтандыру деңгейі емес, ойдың айқындығы мен мазмұнның салмағы болып қала бермек.

ҰШҚЫШСЫЗ АВИАЦИЯНЫ ДАМУДАҒЫ ЖАҢА ҚАДАМ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы ашылды. Аталған орталық ҚазҰУ мен Aerial Solutions ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық аясында іске қосылды.

Жаңа ғылыми-инновациялық орталықта отандық ұшқышсыз ұшу аппараттарының (ҰҰА) модельдерін әзірлеу, оқу-өндірістік зертханалар мен сынақ полигонын құру, сондай-ақ дуалды білім беру

және сертификаттау бағдарламаларын жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар орталық аясында дрондар мен сервистерді ішкі және халықаралық нарыққа

шығару, инновациялық стартаптарды қолдау және коммерцияландыру көзделген. Жобаның іске асырылуы елдің цифрлық инфрақұрылымын нығайтып, Қазақстанның азаматтық ұшқышсыз авиация саласындағы мемлекеттік стратегиясын жүзеге асыруға елеулі серпін береді.

Ашылу салтанатына ҚазҰУ Басқарма төрағасы — Ректор Жансейіт Түймебаев, Aerial Solutions ЖШС Авиациялық оқу орталығының бас директоры Перизат Құдайбергенова, Қорғаныс министрлігінің Ұшқышсыз ұшу жүйелерін дамыту және қолдану департаментінің басшысы Иса Теймуразұлы, Қорғаныс министрлігі Әуе қорғанысы күштері Әскери-әуе күштері қолбасшылығының бас орталығының басшысы Сәкен Рүстемов, Ұлттық қауіпсіздік академиясының кафедра меңгерушісі Артур Имашев, Қазақстан авиация әкімшілігінің Лицензиялау департаментінің директоры Әділжан Сұлтанов қатысты.

Жиынды ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, орталықтың іске қосылуы Қазақстанның технологиялық дамуы үшін ерекше маңызы бар тарихи оқиға екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысында: «Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз бен егемендігіміз осы технологияны қалай пайдаланатынымызға тікелей байланысты. Әр маман цифрлық дағдыларды жетік меңгеріп, жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін жұмыс барысында тиімді қолдана білуі қажет», — деп атап өткен болатын. Орталық ауқымды ғылыми жобаны іске асыруға, заманауи дрондарды жасап құрастыруға, білікті мамандарды даярлауға және студенттердің тағылымдамадан өтуіне кең мүмкіндік береді. Мұнда жасалған дрондар экономиканың түрлі саласында тиімді қолданылатын болады», — деді ректор.

Өз кезегінде Aerial Solutions ЖШС Авиациялық оқу орталығының бас директоры Перизат Құдайбергенова ҚазҰУ базасында ашылған Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы ғылымды, білім беруді және заманауи ұшқышсыз технологияларды біріктіріп, халықаралық стандарттарға сәйкес мамандар даярлауға мүмкіндік беретінін айтты. Бұл бастама жас мамандар үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, отандық авиациялық жобаларды әлемдік деңгейге шығаруға маңызды үлес қосады.

Қорғаныс министрлігінің Әуе қорғаныс күштері бас басқармасының жетекшісі Сәкен Рүстемов жаңа орталықтың алдағы жұмысына табыс тілеп, орталық әуе қозғалысы саласының дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік беретінін жеткізді.

Шара соңында қатысушыларға орталықтағы заманауи құрылғылар мен аппараттар көрсетіліп, негізгі атқаратын жұмысы туралы ақпарат берілді.

АЙМАҚ

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ



Әр тарихи оқиғаларда өзіндік бір сабақтастық болатындығы анық. Әрбір оқиғаның артында сол кездегі саяси ахуал мен қоғамның тыныс-тіршілігі жататындығы да белгілі. Сондықтан тарихты белгілі бір оқиғалардың желісі деп бағамдауға да болатын секілді. Ал тарихи тұлғалардың өмір жолы мен іссапарлары бір жұмбақ пен құпияны жасырып жататындай. Қазақтың маңдайына біткен Алаштың ардақты ұлы Міржақып Дулатовтың Әулиеатаға келуінің де астарында көп құпия бар секілді.

ӘУЛИЕАТА ТАРИХЫНЫҢ АЙТЫЛМАҒАН ТАРАУЫ

Жалпы тарихшылардың дені Міржақыптың Әулиеатаға жат емес екенін біледі. Оның қарындасы Ботагөз Бұралқы болыстың ұлы, қазақтың тұңғыш жоғары білімді агрономы Мұстафа Бұралқыевпен тағдыр қосқан. Ал кейініректе қызы Гүлнәр мойынқұмдық жазушы Әбен Сатыбалдиевтің өмірлік серігі болды. Осылайша, Міржақып Әулиеата өңіріне құда болған.

Енді Міржақып Дулатовтың Әулиеатаға қашан келгеніне келер болсақ, ол 1926 жылы Орынбордан қайтады. Ал 1928 жылы жала жабылып қамалады. Ортадағы бір жылды қалай өткергені туралы нақты дерек жоқ. Алайда қызы Гүлнәр, кейінірек әкесі Міржақып осы 1927 жылды қалай өткергені туралы естелік қалдырып, бір құпияның құлпын ашқандай болды.

1927 жылы Міржақып Қызылордада «Еңбекші қазақ» газетінде еңбек етті. Журналист ретінде жақсы мақалалар жазып, елді ақпараттандырып отырды. Соның ішінде Әулиеатаның жылқы зауыты туралы жазған мақаласы да бар. Ол 1927 жылдың 13 қазанында жарық көрген. Оны жазардан бұрын ол отбасымен бірге торғайлық жерлесі, сол кезде адвокаттық қызмет атқарып жүрген Жұмыр Есмұрзиннің шақыруымен Әулиеатаға келеді. Міржақып үшін арнайы Ақбұлымда үй тігіліп, үй маңына бие байлап, қымыз ішкізіп, біраз уақыт демалдырған екен. Бұл сапарында ол қазақтың ірі байларының бірі болған Дербіс Қалабаев және Бұралқы Сұлтанбековтермен танысады. Әрине бұған дейін де олардың Алаш қозғалысының қолдаушылары болғаны архив құжаттарынан белгілі. Дегенмен Міржақыптың олармен жүзбе-жүз кездесіп, арнайы танысқаны осы кез.

Міржақып тек Есмұрзиннің үйіне ғана бармайды, сондай-ақ сол кезеңде Әулиеатаға аты мәшһүр тілмаш, қазақтың рухын көтеріп жүрген Қалмағанбет Танкинге де қонақ болады. Ол бір жағы Бұралқы болыстың бажасы болса, екінші жағынан өзі де Торғайдан шыққан Ыбырайдың тұңғыш шәкірттерінің бірі еді.

Бұл сапарынан Міржақып Дулатов: «Әулиеата елі малды, қазақы ел. Ас-той, көкпар, бәйге дегенің бұл елде әлі қалған жоқ. Сентябрь туысымен үлкен-үлкен астар болады. Бұл елде бәйге аты аса қадірлі. Асты бұл ел бәсекемен береді, бірінен-бірі асырмақ болады. Бас бәйгеге бес мың сом, үш мың сом не пәлен жүз қой

тігуші екінің бірінен табылады. Тек малы болсын иә атағы болсын», — деп бір жағы Әулиеатада қазақылықтың жойылмағанын, елдің байлығы мен мырзалығын атап өтсе, екінші жағынан даңғойлық пен мақтангершілікті айыптайтындай.

Міржақып ел ішін біраз аралап, Көгершіндегі жылқы зауытына да барған. Атбегілік пен саятшылыққа ебі бар Міржақып мұндағы асыл тұқымды сәйгүліктерге, олардың баптауына аса

шамамен Тұрар Рысқұлов та Меркіге келген деседі. Ол жайын меркілік бай Бектен Медеровтің немересінің естелігінен оқуға болады.

Бұл деректерге қарап отырат Есмұрзин неге дәл осы кезде шақырды?», «Неге Міржақып Әулиеатаның ірі байларын аралап, кездесті?», «Олар нені ақылдасты?», «Олар нені терең ойға жетелейді. Тарихтың ақтандық беттеріне үнілсек, бұл кезең қазақтың ірі байларын тәркілеу, ұлттың



таңданыспен сүйсіне қарайды. Тіпті сондағы бір көк дөненге көзі түсіп, «шіркін-ай, мына тұлпарды ертеп мінер ме еді» деп біраз тамсаныпты. «Әр бөлмеде көздері оттай жанып, шиыршықатып, көкке шапшып тұрған суреттен сұлу жануарларды көрдік», — деп мақаласында да сол бір сәтті суреттей жазады. Ондағы араб, түрікмен, ағылшын тұқымынан шыққан небір жылқылардың барын, оларды қазақы биімен қосып, асыл тұқымды да түрлендіріп жатқанын сипаттайды. Ал күтіміне келсе, кешкі 4-5 шамасында көруге келсе, атбегілерінің жылқылардың ұйқысын бұздырмағанын да жазған. Жылқы зауытының жұмысымен таныса келе, жылқылардың қазақ үшін қызмет етуі жайында да мәселе көтеріп, өз ұсыныстарын жеткізген екен.

Бұл сапардан кейін Міржақып 1928 жылы Меркіге ат басын тіреген. Онда да қазақтың ірі байларымен жолыққаны белгілі. Оны ғалым, филология ғылымдарының докторы Темірбек Қожакеевтің мақалаларынан білеміз. Ең қызығы, осы кезеңдерде

тірегін шайқау науқанының алды еді. 1927 жылдың қыркүйегінде Мәскеуде «Қазақтың ірі байларын тәркілеу» туралы құжатқа қол қойылған. Ол құжат бойынша қазақтың 105 ірі байының шаруашылығымен қоса, шаңырақтарын да шайқалтқан еді. Бұл саяси ойынның басы шынында сонау 1925 жылдан тамыр тартатын секілді. Алайда Міржақыптың тура осы мәселемен Әулиеатаға келгені туралы нақты айтылмайды. Тек сол заманғы құжаттардағы деректерді пазл жинағандай құрастыра отырып, ойына ой ілінеді.

Ақын Ғафу Қайырбеков: «Әулиеата — қазақтың тірісінің де, өлісінің де рухын қосатын жер», — дейді. Шынында, Әулиеата топырағы талай құпияны қойнауында бүгіп жатқаны анық. Оның бірі «Міржақыптың Әулиеатаға сапары» деп түйе болады. Бәлкім, Алаш ардақтысы Әулиеатаға жасаған сапары кезінде қазақ байларына жаппай тәркілеу жүретіндігі туралы алдын ала ескерткен де шығар. Енді ол — тарих жұмбағы.

Саян ТІЛЕУЖАН

ТУРИЗМІ ТЕҢСЕЛГЕН АЙМАҚ

Ақмола өңірі үшін туризм ең бір өзекті салалардың бірі екені рас. Жыл санап аймақта туристердің саны айтарлықтай өсіп жатқанымен, жауапты органдардың салғырттығы салдарынан экологиялық ахуалдың күрделеніп, орман-тоғайларды қоқыс басып, көлдердің ластанып бара жатқаны байқалады.



Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Құзырлы министрлік туризмнің Бурабайда аса үлкен қарқынмен дамып жатқанын жиі алға тартады. Үкімет Ақмола облысындағы туризм саласындағы өсім айтарлықтай жоғарылағанын айтса, облыстық басқарма есебінде өсімнен гөрі «жетпей жатқаны» көп. Бірінде — табысты даму, серпінді өсім, халықаралық ілгерілеуге қол жеткізілгені паш етілсе, екіншісінде — қаржы тапшылығы, аяқталмаған жобалар, орындалмаған жоспарлар және жүйелік әлсіздік көрініс тапқан. Сонда Ақмола туризмі шынымен дамып жатыр ма, әлде тек есепте ғана «көркейіп» тұр ма?

Мәселен, Үкімет баяндамасында Ақмолада туристер саны 26 пайызға артқаны, қызмет көлемі 22 пайызға өскені жазылған. Ал облыстық басқарманың өз есебі бұл өсімнің негізгі себебі туристік сервистің сапасы емес, курорттық аймақтардағы бағаның қымбаттауы екенін мойындайды. Басқаша айтқанда, турист көп келгендіктен емес, қонақүй қымбаттағандықтан табыс артқан. Бұған қоса Үкіметте Шұчыс-Бурабай курортты аймағы табысты дамып жатқан ұлттық туристік кластер ретінде сипатталған. Алайда облыстық есеп бұл аймақтағы туристік салалардағы түзету қажет мәселелердің бар екенін алға тартады. Басқарма дерегіне, 2025 жылға жоспарланған 32 жобаның тек 15-і ғана орындалған, 8 жоба мүлде қаржыландырылмаған, ал қаржы тапшылығы 3,5 миллиард теңгеге жетіп жығылғаны аталады.

Президент шегелеп тапсырған міндеттерге сәйкес қабылданған кешенді жоспар аясында инженерлік инфрақұрылым 2026 жылдың қаңтарына дейін аяқталуға тиіс болған. Бірақ облыстық есепке қарасақ, 7 басым жоба әлі аяқталмаған, оларды қаржыландыру өзекті мәселе күйінде қалып қойған. Бір жағынан Мемлекет басшысының тапсырмасы, екінші жағынан орындалмай жатқан міндеттер көрініс табады. Бұл жай техникалық кідіріс емес, басқарушылық жауапкершілік-

ке қатысты күрделі сұрақтардың туындайтынын айғақтайтыны сөзсіз.

Нақты статистикаға жүгінсек, 2025 жылы Ақмола облысына келген шетелдік туристер саны — 19,6 мың адам, бұл жалпы туристік ағынның шамамен тек 2 пайызын құрап отыр. Яғни, халықаралық серпіліс туралы айтылғанымен, өңір туризмі іс жүзінде әлі де толықтай тек ішкі нарыққа тәуелді екені айқындала түседі.

Инвестиция мәселесінде де сөз бен шындықтың арасы аса алшақ. Министрлік халықаралық қонақүй брендтері, ірі курорттық жобалар, болашақтағы конгресс-орта-лықтар туралы айтып, аймақ туризмінің жарқын келешегін сипаттайды. Ал облыстық басқарманың есебі инвестицияның негізінен тек Бурабай аймағына шоғырланғанын, ал Зеренді, Сандықтау, Ақкөл, Қорғалжын және Ерейментау сияқты перспективалы бағыттардың әлі де екінші қатарда қалғанын айғақтап береді.

2026 жылы Ақмоладағы туристер санын 1,8 миллионға жеткізу жөнінде Үкімет мақсат қойған. Шетелдік туристерді 50 мыңға арттыру, қызмет көлемін 30 млрд теңгеге, салық түсімдерін 6 млрд теңгеге межеллеу жоспарланыпты. Бірақ облыстық есептің өзі өткен жылдардағы жоспарлардың бір бөлігі орындалмағанын, кейбір жобалардың қаржыландырылмай қалғанын көрсетеді.

P.S.

Ақмола облысында туризмді дамытуға жеткілікті мүмкіндік бар екені рас. Бурабаймен қатар зерлі Зеренді, Сандықтау мен Қорғалжын, Ақкөл мен Ерейментау туристерді мәнмұндалап тарта алады. Бірақ даму көрсеткіштері тек жарқыраған презентацияларда емес, орындалған жобаларда, жұмыс істейтін инфрақұрылымда, нақты туристік өнімдер мен ашық инвестицияларда көрінуге тиіс.

АЙМАҚ

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Бүгінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесі қала өмірінің ең өзекті саласының бірі саналады. Әсіресе, көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару мәселесі қоғам талқысына жиі түсіп, тұрғындар тарапынан шағым туғызуда. Оған себеп, тұрғын үй қорын тиімді басқарып, қызмет көрсету сапасын арттырады делінген пәтер иелері кооперативтері өздеріне міндеттелген жұмысты жүйесіз атқарып, қызметтері сын садағына талай мәрте ілінді. Бұл аздай, енді әлгі ПИК-терге күштеп кіргізу жұмыстары белең алып, жұртшылық жанайқайын білдіруде.

А Саятхан
САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жалпы, кейінгі кездері осы пәтер иелері кооперативтері жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткені жасырын емес. Алайда олардың немен айналысып жатқаны, қызметтеріне не кіретіндігі түсініксіз. Түптеп келгенде, бұл кооперативтерге тұрғындар өз еркімен кіруі керек. Бірақ Тараз қаласында осы ПИК-терге тұрғындардың келісімінсіз, күштеп кіргізу жұмыстары белең алуда. Бұл өз кезегінде тұрғындар-

ТҰРҒЫН ҮЙ ТӨҢІРЕГІНДЕ ТҮЙТКІЛ КӨП



дың шағымы мен ашуын туғызып отыр.

— Біздің тұрғын үй бойынша пәтер иелері кооперативіне кіру туралы ешқандай хабарландыру, талқылау немесе дауыс беру ұйымдастырылған жоқ. Яғни, үйді кооперативке кіргізу туралы шешім біржақты қабылданып отыр. Бұл тұрғын үйдің меншік иесі ретінде менің ғана емес, өзге де тұрғындардың құқықтарын өрескел бұзу екені сөзсіз. Сондай-ақ бұл көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін басқару тәртібін реттейтін қолданыстағы заңнаманың талаптарына да қайшы. Соның салдарынан енді бұрын-соңды не

естімеген, не көрмеген «Байланыс» деп аталатын кооперативке ай сайын ақша төлеуіміз керек екен. Шыны керек, бұған дейін тұрғын үйдің қандай да бір жүйесінен ақау шықса, не кооперативтен, не өзге де қызмет түрлерінен мамандар келіп, көмек қолын созған емес. Барлығын тұрғындар өздері қаражат жинап, ретке келтіріп келеді. Ендеше біз өзіміз таңдамаған, қаламаған қызметке неліктен қаржы аударуымыз керек? Жергілікті әкімдіктің осы салаға жауапты бөлімінің табалдырығын қаншама рет аттағанымызбен, мардымды жауап аламай отырмыз, — дейді «Арай-2»

ықшамауданы №9 үйдің тұрғыны Раушан Сабеева.

Дәл осындай кикілжің «Ұлы дала» шағынауданында да болды. Аталған ықшамауданның тұрғыны Гаухар Аманжолованың айтуынша, олар тұрғын үйлерінің әлдебір кооперативке қосылғаны туралы төлем түбіртегі келгенде бір-ақ білген.

— Былтырғы жылдың соңында біз тұратын үйде күтпеген жерден кооператив пайда болды. Ең қызығы, кооперативтен бұрын, оның төлем түбіртегі кәліп үлгерді. Алайда бұл қандай ұйым, қашан құрылды, қандай қызмет көрсетеді? Бұл туралы ешқандай нақты ақпарат жоқ. Алдын ала не жиналыс, не ақылдасу, не таныстыру рәсімі де болған емес. Қала билігі болсын, басқарушы ұйым болсын, ең алдымен тұрғындарға түсіндіруі керек қой. Өкініштісі, мұның ешқайсысына жауап ала алмадық. Сөйте тұра, ай сайын кооператив қызметіне қаржы төлеулеріңіз керек деп талап етіп отыр, — дейді Гаухар Аманжолова.

Тұрғындардың базынасына құлақ түрген соң, осы мәселе бойынша Тараз қаласы әкімдігі тұрғын үй қатынастары бөліміне қайырылды. Аталған бөлім басшысының міндетін атқарушы Сұлтанмахмұт Утешов тұрғын үйлерді кооперативке кіргізу жұмыстары заң аясында жүргізіліп жатқанын алға тартып, кінәні тұрғындардың өздеріне аударды.

— «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 51-5-бабының, 4-тармақшасына сәйкес, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері арасында кондоминиум объектісін басқару нысанын не кондоминиум объектісін басқару субъектісін таңдау туралы келісімге қол жеткізілмеген кезде тұрғын үй инспекциясы екі және одан астам ай ішінде немесе жиналыс хаттамасының негізінде

пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің өтініші бойынша уақытша басқарушы компанияны айқындау және тағайындау қағидаларына сәйкес уақытша басқарушы компанияны айқындайды және тағайындайды. Бұл бойынша жиналыс аталған заңның 42-бабына сәйкес өтеді. Нақты шешім тұрғындардың жалпы санының көпшілік дауысымен, яғни 51 пайызы келісім берген жағдайда қабылданады. Сондай-ақ Тараз қаласы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға ақы төлеу қалалық мәслихаттың 2023 жылғы 22 маусымдағы №5044 шешімімен 1 шаршы метрі үшін 29 теңге мөлшерінде қабылданды. Сондықтан бұған байланысты тұрғындардың шағымы негізсіз, — дейді Сұлтанмахмұт Әмірұлы.

Жауапты сала маманы осылайша тұрғындардың шағымы негізсіз деп отыр. Алайда ықшамаудан тұрғындары кооператив басшыларын көрмегендерін, ешкім жиналыс өткізбегенін ашына айтуда. Бұл ретте жұртшылықтың сөзінің жаны бар секілді. Олай дейтініміз, «Арай-2» ықшамауданы №8 үйдің тұрғындарына кооперативке кіргендері туралы хабарлама Kaspi.kz қосымшасы арқылы келген. Бұрын естіп, көрмеген кооперативке қаржы төлеңіз деген хабарламаны көрген тұрғындар бас көтеріп, шағымдарын жеткізген. Нәтижесінде, «№8 үй кооперативке кірмеуі керек» деген жауап алып, Kaspi.kz қосымшасынан келген төлем алынып тасталған. Осылайша, тұрғындар өз құқықтарын қорғап қалып отыр. Сонда әділдікке жету үшін тұрғындар міндетті түрде шу шығаруы керек пе? Осының өзі кооперативтерге кіргізу жүйесінде үлкен шикілік барын аңғартып отыр.

КЕЗЕКТЕГІ КЕЛЕҢСІЗДІК

Қызылордада бір топ ана кезек реттілігімен берілуге тиіс үйлерін ала алмай жүргенін айтып, мұңын шақты. Бұл жағдайды газетіміздің өткен санында «Аналардың жанайқайы» деп жариялаған болатынбыз. Соған орай ізін-шала Отбасы банктен жауап келді.

А Ербақыт
ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Аталмыш мәселеге орай ашынған ақжаулықтылар көп жылдан бері тұрғын үй кезегіне тіркелгенімен үй алуға мүмкіндік жасалмай тұрғанын қынжылыспен жеткізген еді. Аналардың жанайқайын Қызылорда қаласы әкімдігінен сұрағанымызда, тұрғын үй кезегіне қатысты функция әкімдік құзырынан алынып тасталғанын мәлімдей келе, бұл мәселеге Отбасы банк тікелей жауапты екенін жеткізген болатын. Өз кезегінде банк тарапынан тұрғын үйге тіркелген азаматтардың тізімі 2025 жылдың тамыз айында Отбасы банкінің құзырына толықтай берілгенін мәлімдеді. Бүгінде банкке тапсырылған тізімде 642 мың азамат тұр. Нақты кезеңде әрбір азаматтың жеке деректерінің, байланыс нөмірлерінің, тұрақты мекенжайларының уақыт өте келе өзгеруі ықтималдығына байланысты түгендеу жұмыстары бастау алған.

Нәтижесінде, кейбір азаматтың тұрғын үй кезегіне үйленбей тұрып тіркеліп, қазіргі уақытта көпбалалы отбасы атанғаны, сондай-ақ бірнеше үйі бола тұра кезекте тұру жағдайларына қатысты келеңсіздіктер түгендеу барысында анықталғанын алға тартады. Яғни, бірқатар өзгерістер мемлекеттік деректерде уақытылы жаңартылмаған.

«Бүгінде 244 мың азамат түгендеуден сәтті өтті. Ал 55 мың азаматтың меншігінде тұрғын үй бар екені белгілі болып, олар түгендеуден өте алмады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, меншігінде тұрғын үйі бар азаматтар тұрғын үй кезегінде тұра алмайды. Нақты уақытта түгендеу жұмыстары бел ортасына жеткенімен, Отбасы банкі кезекті толық, әрі әділ реттеу мақсатында бұл жұмыстарды жалғастырып жатыр», — делінген банктің жазбаша жауабында.

Банктің мәлімдеуінше, қазір Қызылорда облысы бойынша үй кезегінде 58 155 азамат тіркелсе,



оның 10 688-і көпбалалы отбасыға тиесілі. Тұрғын үй кезегі Отбасы банкінің құзырына өткеннен бері 834 азамат жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз етіліпті. Банк тарапынан мәселе көтерген азаматтар бұған дейін де Отбасы банкінің бөлімшелеріне жүгінген айта келе, наразы топқа тұрғын үйді бөлу тәртібі, отбасы құрамына қатысты талаптар жөнінде толық ақпарат берілгенін алға тартады.

Сонымен қатар әкімдіктермен бірлескен кездесулер барысында да Отбасы банкінің өкілдері тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Сол сияқты Отбасы банкінің Орталық аппаратындағы Тұрғын үймен қамту орталығының мамандары ZOOM платформасы арқылы қосымша

түсіндіру жұмыстарын өткізуді жүйелі түрде жолға қойған. Осы орайда кезекте 10—15 жылдан бері тұрғын азаматтар да бар екенін кезегі тіркелген жылына қарай кезек-кезеңімен жылжыды әрі әкімдік тарапынан тұрғын үйлер дайын болған сәттен бастап, Отбасы банк оларды бөлумен шұғыл түрде айналысатынын баяндайды.

Осы орайда шағымданушы топтың «кезектен алып тасталуы мүмкін» деген алаңдаушылығына байланысты банк кезекте тұрғын азаматтардың негізсіз кезектен алынып тасталмайтынын, керісінше, әрбір азаматтың тұрғын үймен қамтылуы үшін жан-жақты жұмыстар атқарылып жатқанын

ресми түрде мәлімдеп отыр. Осыған байланысты азаматтарды тек ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырады.

Осы орайда айта кету керек, жуырда кезекте тұрғын азаматтар үшін әлеуметтік желіде orken_otbasybank.kz парақшасы ашылған. Парақшада жалға берілетін тұрғын үйлерге қатысты ақпарат тұрақты түрде жарияланып отырады. Сонымен қатар «orken_otbasybank.kz — Әділ кезек» Telegram арнасында жалдамалы тұрғын үй алған азаматтар туралы толық ақпарат алуға да мүмкіндік қарастырылған.

— Отбасы банк әкімдік тарапынан тұрғын үйлер дайын болған сәттен бастап, оларды кезекте тұрғын азаматтар арасында бөлуді жүзеге асырады. Бұл тұрғыда барлық үдерістер заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі және кезекте тұрғын азаматтарға толық түсіндіру жұмыстары қамтамасыз етілген. Яғни, тұрғын үй кезек тәртібіне сәйкес, кезегі келген азаматқа беріледі. Келесі жалға берілетін үй ақпан айына жоспарланып отыр», — дейді банк өкілдері.

Жалпы, «Отбасы банк» барлық жұмыстардың «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырылып жатқанына тоқталып өтті. Өз кезегінде банк тарапынан ақпараттандыру және түсіндіру жұмыстары толық көлемде жүргізіліп жатқанын, бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатынын мәлімдеп отыр.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Жақау Дәуренбеков – саналы ғұмырын сөз өнері мен ұлт руханиятына арнаған қайраткер тұлға. Қаламы қарымды журналистиканы жай кәсіп емес, халықтың мұңын жеткізер аманат деп танып, бар ғұмырын рухани құндылықтарды дәріптеуге арнады. Парасат пен пайымды серік еткен қаламгердің еңбектері оқырманын ойлантып қана қоймай, ой салады. Жақау Дәуренбеков – сөзімен із қалдырған, өнегелі жолымен кейінгі буынға бағыт-бағдар көрсеткен ардақты есім. Баспа ісінде де ізгі ісі қалды. Жақау Дәуренбеков көзі тірі болғанда, биыл 80-ге толар еді. Қаламгердің жары Шұға Дәуренбекова қаламгер туралы әсерлі естелігін бөлісті.



Арманын Аялап өткен Жақау

АЛҒАШҚЫ ТАНЫСТЫҚ

Жақау екеуміз университетте жүргенде таныстық. Ол кезде Жақау Журналистика факультетінде оқитын. Менің соңғы курста оқитын кезім. Жәкеннің бөлмесі менің бөлмеме қарама-қарсы еді. Ол кезде «Лениншіл жастың» тілшісі. Танылып қалған кезі. Жатақханада бір-бірімізбен ауыс-түйісіп жүре береміз ғой. Бір күні шай ішейік десек, шайымыз бітіп қалыпты. Сосын жанымдағы қыздар: «сен барып келші, саған шай береді», — деп, мені жұмсап жіберді. Оны-мұны сұрауға үнемі мені жұмсайтын әдеті бар-ды. Ол бөлмеде үнемі елпілдеп Жәкен жүреді. Сол шайдың аяғы махабат шайына ұласты ғой.

Жәкен мінезі биязы, ізетпен ғана сөйлейтін, жақсы жігіт еді. Ішкі тегеуріні мықты болатын. Мен — Көкшетаудың қызымын, ол — Аралдан. Көкшенің қызы мен Аралдың жігіті сөйтіп жарасты.

Жоғары оқу орнын тәмамдаған Жақауды сол кездегі таралымы 300-400 мыңға жететін, ең көп оқылатын «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы Сейдахмет Бердіқұлов шақыртып алады. Алғашқыда аға әдеби қызметкер, бөлім менгерушісі болып журналистік еңбек жолын бастаған Жақау кейін алқа мүшесі ретінде қыруар қызмет атқарды. Оң жамбасына келген талай мақалалары кең-байтақ еліміздің тұс-тұсындағы оқырмандарын тамсандырды, тандандырды. Ұзақ жылдар жастар газетінде журналистік тәжірибе жинақтаған, жазу-сызуға төселген Жақау «Өнер» баспасы бас редакторының орынбасары, 1994 жылдан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін «Ана тілі» баспасының редакторы қызметін абыройлы атқарды.

ҚАЛАМ ҰСТАҒАН ЖАНДАР

Жақау бесінші сыныптан мақала жазуды бастаған екен. Ағасы Шыңғыс Айбосынов деген бар. Ол кісі де қалам ұстаған адам. Жәкен әкесінің атына жазылған. Қалған бауырларының бәрі атасының атын иемденген.

Шыңғыс ағасы 90-ға жақындап қалды. Одан кейін бір ағасы бар: жасы — 86-да. Одан үлкен бір апасы бар, ол 95-ке келді. Жақау да ұзақ ғұмыр жасайтын еді, ковидтен кетіп қалды.

Жәкен жазуды ағасы Шыңғыс ағасынан үйренген. Алғашқы жазбалары «Қазақстан пионері» газетіне, «Пионер» журналына шығып тұрған. Мектеп бітірген соң, аудандық газетке жұмысқа тұрады. «Толқын» газетінде жүргенінде Шөмішбай Сариевпен танысып, екеуі жақсы дос болып кетті. Қазақ мемлекеттік университетіне де қатар келді. Темірбек Қожакеев ағай «үшеуің бірдей жақсы жазыпсындар, қабылдау комиссиясында таныстарың жоқ па?» деп күлген екен. Алғыр, білімді жастар ғой, бәрі де бірдей студент атаныпты. Түлектерді хабарлап жатқан кезде марқұм Мұхтар Мағауин: «Дәуренбеков деген кім?» — деп сұрапты. Бұл: «Мен», — деп орнынан тұрған ғой. Сөйтсе, Мұхтар аға Жақауды қасына шақырып алып: «Шығармаң өте жақсы екен. Сені университетке бірден қабылдап аламыз», — деп айтыпты.

Біз жақсы өмір сүрдік. Отбасында у-шу, артық әңгіме, ұрыскеріс болған жоқ. Соның бәрі ағаларыңның арқасы. Ағанның мінезі — ақылды мінез. Бәріне сабырмен келеді. Жазу жазғанда көп мазасын ала бермейтін едік. Үнемі кабинетіне кіріп алып, оңаша жазуға отыратын. Ол кезде мазасын алмауға тырысып, балалар да сыбдырын білдірмейтін. Шығармашылық адамының бабын солай жасамасан, жазу жазалмайды ғой. Жақау жазудың адамы, ол үнемі бір дүниелерді қағазға түсіріп жүретін. Соның бәрі құнды дүниеге, кітапқа айналды.

«Лениншіл жас» газетінен кейін Серік Әбдірайымов шақырып, біраз уақыт «Өнер» баспасында жұмыс істеді. Кейін министр Алтынбек Сәрсенбаев шақырып алып, «Ана тіліне»

бастық қылып жіберді. Алтынбектің «Жәке, сіз істің адамысыз. «Ана тілін» биік деңгейге көтеруіміз керек» дегенін Жәкеннің күнделігінен оқыдым. «Ана тілінде» жүріп, көптеген сөздіктер шығарды. Тіл тазалығы үшін жұмыс атқарды. Көлемі кішкентай болғанымен, мазмұны жоғары болды, әрі таралымы да көп еді. Оның бәрімен тіл мамандары айналысты.



Жақау бесінші сыныптан мақала жазуды бастаған екен. Ағасы Шыңғыс Айбосынов деген бар. Ол кісі де қалам ұстаған адам. Жәкен әкесінің атына жазылған. Қалған бауырларының бәрі атасының атын иемденген. Шыңғыс ағасы 90-ға жақындап қалды. Одан кейін бір ағасы бар: жасы — 86-да. Одан үлкен бір апасы бар, ол 95-ке келді. Жақау да ұзақ ғұмыр жасайтын еді, ковидтен кетіп қалды.

ДОСТАР, ДОСТАР...

Жақаудың етене жақын араласқан адамдары — Баққожа Мұқай, Шөмішбай Сариев, Смағұл Елубай, Сұлтанәлі Балғабаев, Жанат Елшібек, Мағиға Қожахметова, Сара Ләтиева. Бәрі қатар жүрді. Біз бәріміз отбасымызбен араластық. Балалар бірге өсті. Сағат Әшімбаевпен көрші тұрдық. Сағат туралы «Жанып кеткен жүрек» деп Жақау алғаш жазып еді. Баққожа да кетіп қалды. Шөмішбай досымыздан да ерте айырылды. Сұлтанәлі, Смағұл қазір Алматыда тұрады. Біз Астанаға көшіп кеттік.

Қадыр ағамен де жақсы араласты. Жұрт жекешелендіруге көшіп жатқан кезде, Қадыр аға екеуі бірігіп, бір көлік сатып алды. Сөйтіп, біраз уақыт Жақау Қадыр ағаны тасып жүрді. Бензинге ақшаны екеуі бөліп төлейді. «Қалған ақшаға жақсы кітап шығарайық», — депті.

Жайдан жай адамнан журналист шыға қоймайды ғой. Бұлардың тұқымында тектілік бар. Атамыз кітап көп жинаған кісі екен. Балаларының бәрі қалам ұстаған жан болуына әкелерінің де кітапқұмарлығы әсер етсе керек. Жәкеннің көркем дүние жазуға, журналист болуға қабілеті ерте, бала кезден қалыптасты. Журналистикадан басталған қалам кейін жазушылыққа ұласты.

Мысалы, «Жалын» баспасының бөйгесінде топ жарған «Соғыс ойыны» атты повесін кезінде бала түгілі, үлкендер де жата-жастанып оқыды. Осы шығармадағы ауыл балаларының қимыл-қарекеті ең далада емін-еркін балдәурен балалық шағы өтіп жатқан ауылдағы кішкентайларға өте ұқсас. Армандары таудай биік, көңілдері құстай ұшқыр балалардың айна-қатесіз сомдалған бар жиынтық түйіні осы шығармада айшықталғанын көреміз. «Күн ұясы», «Саяк» дейтін шығармалары да оқырманның ыстық ықыласына бөленді.

Жақау туралы әріптестері, қаламдас достары да көп жазды. Досы Орысбай Әбілдаев: «Пафосқа, романтикаға толы шабытты шақтарын Жақау да «Лениншіл жастың» қабырғасында өткізді. Қай тақырыптың да киюін тауып, сорғалатып жөнелетін журналистік қолтаңбасы ерте қалыптасқан ол ел аузына да ерте жастан ілікті. Қандай қиын, күрделі мәселелерді де бой-бойымен, жік-жігімен бұтарлап, өзіндік соны жол тауып, әрі соқпалы өрнектеу ерекшелігі ешкімге ұқсамайтын. Сол бір қып-қызыл оттың да ортасына көп түсіп, шымырланып, әбден пісіп шыққан жас журналистиканың нағыз маманына айналды», — деп жазады.

ған «Адам құпиясы» кітабымды қалай безендіріп шығарды десеңізші?! Мұны қалай ұмытайын. Мен сияқты ондаған, жүздеген автор Жақауға қарыздар болса керек», — деп жазғаны бар.

Жақаудың үш пьесасы бар. Біреуі, балаларға арналған. Екіншісі, желтоқсан оқиғасы туралы жазылған. «Мүз үстіндегі алау» деп аталады. Енді біреуі — «Үзілген жапырақтар». Әзірге үшеуі де еш жерде қойылған жоқ. Ендігі арманым — осы үш пьесасы театрда қойылса деген тілек. Көзім тірісінде аманаттап, театрға өткізсем деп ойлаймын. Жақсы дүние жарыққа шығуы керек ғой. Әйтпесе, тартпада, шаң басқан архивте қалып қоюы мүмкін.

«АТ ТҰЯҒЫН ТАЙ БАСАР»

Жақаудың шығармаларының алты томдығы шықты. Барлық жинағы — бас-аяғы 23 кітап. Одан бөлек, Кемел Токаевтың шығармалар жинағын шығарды. Жазушының кітаптарының барлығын тұтас жинақтап, көп томдыққа енгізді. Бұл шығармалар жинағы қаламгердің 90 жылдығында жарық көрді.

Биыл Жәкеннің мерейтойына орай, күнделіктерін, естеліктерін жинақтап, бір кітап қылып шығарсақ деп отырмыз. Жақау жазған дүниелер оқырманына жете берсе, архивте қалып қоймаса деген ой ғой. Қаламгердің соңында сөз қалады, жазған көркем дүниелері қалады. Сол құнды мұрасы халқына мәңгілік ескерткіш болсын деп, жинақтап жарыққа шығарғымыз келіп отыр.

Ол өзі өле-өлгенше баспасөзден алыстаған жоқ. Тіпті, газет-журналдардың бәрін жаздырып алатын. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Түркістан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», тағы басқа газет-журнал үйде үзілмейді. Соңғы ақшасы болса да, газет-журналға жазылатын. Немерелері де атасы секілді газет-журнал оқиды. «Қазпоштаның» қызметкерлері де «жалғыз сіздің үйіңізге газет тасимыз» деп күлетін еді. Жазушылардың арасында көп жүрдім ғой. Айтар әңгімесі, мінезі басқаша болатын. Мүмкін, олардың өзгелерден артықшылығы да осында шығар.

Үш баламыз бар. Ұлымыз Бабыр — дипломат, екінші қызым Жанар әкесінің баспасын басқарып отыр. Үшінші қызымыз Шеврон компаниясында жұмыс істеді. Балалы-шағалы, үлкені шетелде білім алып жатыр. Немерелеріміздің бәрі атасының атын абыроймен алып жүр деп мақтанып отырамын. Екі балам кітапқұмар болды. Үлкен ұлым Бабыр кітапты көп оқиды. Жазуға бейім, әкесінің жазушылық қыры ұлына жұққан секілді. Кейде төгілтіп, көркем дүниелер жазып қоятыны бар. Бабыр деп есімін атасы қойды. Әкесі ұлына күнделік жазуды үйретті. Үшінші сыныптан бастап күнделік жазған Бабыр әлі күнге мұны әдетке айналдырып келеді. Әкесінен жұққан қасиеті болса керек.

Әкесі балаларын мақтан тұтты. Балалары да әке аманатына дақ түсірмей, мұрасына адалдық танытып келеді.



Дайындаған
Гүлзина БЕКТАС,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ДАУА

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ



— Ара өнімдері арқылы қалай емдейсіздер? Методикаларыңыз жөнінде кенінен түсіндіріп берсеңіз.

— Омартамен айналысса, тек бал алып сатады немесе балмен ғана емдейді деген түсінік бар. Негізінде, бал ара балдан бөлек, 10 түрлі өнім береді. Сол 10 түрлі өнімді осыдан 33 жыл бұрын жасаған методикамыз бойынша дәріге айналдырамыз. Адамның жасына, салмағына, бойына және мазалаған ауруына байланысты, яғни антропометриялық өлшеміне сәйкес ағзаға кезең-кезеңімен жібереміз. Кез келген адам 11 түрлі жүйеден құралған. Адам — кешенді түрде жұмыс істеп тұрған биологиялық субъект. Біз осы жүйелерді емдемейміз, кезең-кезеңімен тазартамыз. Адам ағзасына да толық тазару керек. Тұтынып жатқан ас, су, ауа арқылы да ағзада түрлі шлак, токсин жиналады. Ол жылдар бойы тек жинала береді. Әлемдік медицина мамандары, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бір ауыздан келісімге келгенде, барлық диагноздың 82%-ы асқазан-ішек жолынан, әсіресе ас ішектегі мәселеден туындаған деген. Біз асқазан-ішек жолын тазалап болған соң оған ара өнімдері арқылы керекті дәрумен, макро, микроэлементтерді береміз. Дәрі сапалы, халыққа сенімді болу үшін өзіміз омарта ұстаймыз.

— Сонда бұл ғылым елімізде қалай қалыптасты?

— Иә, әрине, ғылыми әрі заңды тұрғыда қалыптаспаған деп сенбейтін адам көп. Апитерапияны ұстазым Мергенбай Алмабекұлы зерттеп, Қазақстанда іргатасын қалаған. Ол кісі мектепті бітірген соң Кеңес кезіндегі Омарташылықты зерттеу институтына оқуға түседі. Бұл институт Ризан қаласында 1953 жылы ашылған, бүгінге дейін ең ірі зерттеу институтының бірі саналады. Институтты төмамдаған соң ұстазымын қатарлас-тары бал сығып сатуды қолға алса, ұстазым ара өнімдерінен дәрі-дәрмек жасауды ермек етеді. Осыдан 33 жыл бұрын алғашқы дәрілеріміздің рәсебін дайындай бастайды. Оның хоббиіне айналғанымен, адам емдеп көрмейді. Кейін ұстазым қатты ауырып қалады, мемлекеттік те, ақилы да емханалардың табалдырығын тоздырады. Дәрігерлер қолдан келгенді істедік, арғы өмірге дайындала беріңіз деп қайтарды. Сол кезде ұстазым өз жасаған дәрілерін ішіп, тәжірибе жүргізуді бастайды. Бір айдан кейін ауруынан еш белгі де қалмайды. Ауырып жүрген кезде оны танымай қалған жақындары қандай шипа тапқанын білгісі кеп сұрай жөнеледі. Кейін Мергенбай аға жақындарын емдеп, тәжірибе жасауды қолға алады, бұл тәсілін 2020 жылға дейін зерттей береді.

2020 жылы Қытайдан келген бір пациентіміз: «Бүгінге дейін дертіме ем таппай, қанша ел-жер араладым. Сендер әлі «сарафан радио» арқылы жұмыс істеп отырсындар. Методиканды растайтын нақты құжатың неге жоқ?» — деп айтады. 2020 жылы Астанада тағамтану проблемалары институтында жұмыс істеп жүрдім. Сонда

БІР АЙДА 253 ара ШАҚСА...

Ара өнімдері арқылы емдеу саласын ғылымда «апитерапия» деп атайды. Саланың елімізде тәй-тәй басып дамып келе жатқанына 30 жылдай уақыт болған екен. Ара өнімдерімен емдеу методикасын алғаш рет ғалым Мергенбай Алмабекұлы ойлап тапқан. Сала болашағы мен жетістіктері жайында ғалымның шәкірті Шахмарал Ағыбайұлымен сөйлестік.

жетекшім, институт директоры Ерболат Даленов клиникалық зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік берді. Мергенбай аға сол кісінің ғылыми жетекшілігімен жұмыстарын зертханалық тексерістен өткізеді. Клиникалық зерттеуге 1 жасан 86 жасқа дейінгі адамдар қатысты. Ғылыми тұрғыдан методикамыз кез келген жастағы, кез келген жыныстағы адамға кері әсері жоғы дәлелденді. 2021 жылы 6 сәуірде Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Ғылыми кеңестің мақұлдауын алдық.

— Шетелдік тәжірибемен салыстырғанда, методиканың ерекшелігі неде?

— Адамның жасы, салмағы, бойы, мазалаған диагнозына байланысты арнайы дәрі дайындаймыз. Ағзаға ауыр болмас үшін кезең-кезеңімен беріп, іштегі шлақты тазалаймыз. Бір жағынан, ағзаны тазаласақ, екінші жағынан, қалпына келтіру қатар жүреді. Адам ағзасы толық тазаланып болған кезде инфаркт, инсульттан да арылып шығады. Бір құрдасым Оңтүстік Кореяға барып, ем таппай келді, тіпті Мәскеуге, Иранға, Қытайға барған. Ол созылмалы буын ауруының бірі — Бехтерев ауруымен 17 жыл ауырып, дәрігерлер енді емделмейді деген екен. Бізге келгенде, сәл болмағанда жаны шығып кете жаздайын деді. Бірде ол сол аурумен ауырған адаммен Астанадағы «Ханшатырдың» алдында кездесіп қалады. Бехтеревпен ауырғандар бір-бірін жүріс-тұрысынан-ақ тани қояды, себебі кимыл-қозғалысы роботтікіндей қатып қалған, бұлшық еті түгелдей құрысып, мойнында бұра алмай, бүкіл денесімен бұрылып қарайды. Сөйтіп, әлгі бұрын ауырған кісі: «Сен Бехтеревпен ауырғасың ба?» — деп сұраған екен. Ол кезінде, 24 жыл ауырып, бізге келіп емделіп шыққан адам. Құдайдың күдіреті, құрдасым сол кісіден біздің нөмірді алып, хабарласып емге келді. 5 курстың 4 курсын алған соң, жағдайы оңалып кетті. Жалпы, адамдар енді жақсарып

қалғанда, емді толық жалғастырмай, келмей қоятыны қызық.

Тағы бір шенеунік ағамыз Германиядағы институттарға дейін барып, жарты жыл емделеді. Одан Оңтүстік Кореядан Астанаға келіп, алтын инемен емдейтін профессордан 3 жыл ем алған. Уақыт өткен сайын денсаулығы құлдырай бастаған. Сол кезде жетекшіміз: «жақында ғана клиникалық зерттеуден өткен методикамыз бар, соған кел», — деп шақырады. Біз 3 жарым жылғы кері әсердің бәрін 3 айда жүйелі емнің нәтижесінде

дарынан деп көпше түрде берілген. Араның анатомиясына қарасаңыз, екі қарыны болады. Бірінші қарыны ас қорытуға қатысса, ал екінші қарынға жиналып, секрециядан өткен өнім емдік максатта қолданылады. Араның уын у деп айтуға тілім бармайды. Негізінен, араның табиғатта 21 түрі бар, соның ішінде бал арасы ғана адам денсаулығына пайдалы. Қалған аралар шакса, адамға зиян тигізеді, тіпті өліп кетуі мүмкін. Жабайы қызыл аралар адам түгіл, малды шағып өлтіріп тастайды. Бал араның уы болса, тұнып тұрған дәрумен. 1953 жылы іргетасы қаланған Омарташылық ғылыми институты бал аруының құрамындағы пайдалы элементтерді әлі зерттеп тауыса алмай жатыр. Олар бүгінге дейін ара уынан Менделеев кестесіндегі 50-ге жуық элемент барын анық-

жылымайды. Аллергиям бар деп ескертіп айтты, біз үндемей жұмысымызды істей бердік. Бір ай өтеді, мигрень кетеді, ақсақалмен қоштасарда кішкентай шелек бал мен құрма сыйға тарттық. «Қазір дәм татыңыз, еш аллергия жоғына көз жеткізесіз» дедік. Атаны көндіруге жарты сағаттай уақытымыз кетті, іштей кәлімәсін айтып, көзін жұмып, ауызына бір қасық балды салып жіберді. Қазір құлаймын деп күтіп отырды, еш әсер жоқ, көзін ақырындап ашады. Құрманы да байқап көреді, еш белгі болмады. 75 жастағы ақсақал сол жерде отырып қуаныштан жылап жіберді. Кей адамдарда анафилактикалық шок алғанда, көзінің ішіне дейін қызарып кетеді. Оның бәрі адамның ас қорыту жүйесінде, бауырында орналасқан зиянкестерге жақпай жатуынан болады. Жақпаған дүние ағзаға барғанда, интоксикация болып, ол қанға бірден өтіп, анафилактикалық шок, не ісіну болады. Адамға емес, зиянды микрофлораға жақпай жатыр. Біз осының бәрін тазартқанда, адам өз көзімен ішінен шыққан коқысты көріп таңғалады. Ағзаны тазартқан кезде, зиянды заттар үлкен дәрет, кіші дәреттен шығады, тер иісінен де біліне бастайды, адам күрделі жағдайда құсып жіберуі де мүмкін. Қанмен де шығаруға болады, кей жағдайда хиджам жасаймыз, бірақ оған да ағзаны дайындау қажет.

— Ара уымен емдеу үшін де дайындық керек болғаны ғой... Негізінен, бір адамға қанша араны шақтыруға болады?

— Алдымен байқап, сынап көреміз, қарсы реакция жоғына көз жеткіземіз. Бір айлық курс алған емделушіміз 3 арадан бастап 253 араға дейін шақтырды. Ол грек-рим күресінің шебері, Сидней Олимпиадасының қатысушысы, Қазақстанның 10 дүркін чемпионы Рақымжан Әсембеков еді. Бізге келгенде, спорттан үзіліс алып қалған. Лондоннан келген қазақ бауырымыз одан бұрын 213 ара шақтырып, рекорд орнатып кеткен, өзі — хоккейші. Рақымжан онда рекордты жанартайын, 250-ге жеткізейін деді, 250-ден кейін тағы 3-ті салдырып алды. Ара уының еш зияны жоқ, ешқандай артық реакция болмады, қан қысымы да тұрақты. Керісінше, спортқа қайта оралып, ісін жаңа қарқынмен бастады.

Ең кішкентай пациентіміз — 1 жасар Айша қызымыз. Диагнозы — бірінші деңгейдегі есту қабілетінің төмендігі. Құжаты порталға жіберіліп, отаға дайындалып жатқан. Отада баланың құлақ пердесін тесіп, оған кішкентай аппарат орналастырады. Ең қиыны, бала өскен сайын, құлақ қуысы да өседі, сондықтан жыл сайын ота жасап, аппаратты да ауыстырып отыру қажет. Негізінен, адамның жасы неғұрлым кіші болған сайын тазарту процесі де тез жүреді. 4 процедуранан кейін қыздың құлағы естіп кетті.

Ара өнімінің бәрі — биология. Ғалымдар Мысыр пирамидаларын зерттегенде, бір құмыра бал тауып алады. Қанша ғасыр тұрған балды зерттесе, тұтынуға жарамды болып шыққан. Балдың ішінде арпа дәндері де бар екен, дөңді жуып, топыраққа салғанда, одан өнім өсіп шыққан. Бұл — қурамайтын ғасырлық өнімдер.

— Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Айсұлу СЫЕЗХАН



Тағы бір шенеунік ағамыз Германиядағы институттарға дейін барып, жарты жыл емделеді. Одан Оңтүстік Кореядан Астанаға келіп, алтын инемен емдейтін профессордан 3 жыл ем алған. Уақыт өткен сайын денсаулығы құлдырай бастаған.

таған, қалғанын ғаламшарымызда теңдесі жоқ деп мойындаған.

Жақында Екібастұздан паркинсон ауруына шалдыққан бір жігіт хабарласты. Қытайға барып емделу үшін қос жинап жатқанда, біз барма деп едік, айтқан тілді алмай, сол жаққа барып, екі-үш апта жатады, одан пайда болмай, тағы да қор ұйымдастырып жатырмын деп хабарласты. Бізге келіп, екі айда жазылып кетті.

— Бал арасы шакса да, аллергиясы бар адамдар оны көтере алмай, анафилактикалық шок алатын жағдай көп. Бұл жағдайда не істейсіздер?

— Балдың өзіне анафилактикалық шок ұстайтын ата орталығымызға келген. Яғни, араның уы емес, астан аллергиясы бар, құрма да жей алмайды, жесе, ауызынан көбік ағады да, құлайды. Ол мигрень ауруы мазалағандықтан келген. Шымкенттің ыстығында қалың тақия кесе де, басы бір

31 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Нәдір Қуанаевтың Есімі қазір батысқазақстандықтар үшін жақсы таныс. Тіпті Батысты қойып, қазір Нәдірдің есімі күллі республикаға танымал болып алды. Ол жақында ақ ұлпадан елорда төріндегі Ақорданың макетін жасап шықты. Ақорданы жасауға Нәдірдің сегіз күні кеткен. Қардан қашалған мүсін қазір БҚО, Достық ауылының көркі болып тұр.

А **Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**
Батыс Қазақстан облысы

Достық ауылы қаладан 20 шақырым қашықтықта орналасқан. Нәдір Қуанаев осы ауылдың тұрғыны. Достық ауылына кірген бойда «Нәдірдің үйі қайсы?» десеңіз, ауылдың балашағасына дейін оның үйін көрсетіп жібереді. Себебі ауылда қардан мүсін қашайтын жалғыз шебер. Ауыл дейміз-ау, Нәдір секілді қардан мүсін ойған шебер облыста да жалғыз.

Нәдір Қуанаев өзі БҚО Жымпиты ауылында 1998 жылы дүниеге келген. Ол Орал қаласындағы Исатай Тайманов атындағы жол-көлік колледжін көлік жүргізушісі мамандығы бойынша тәмамдаған.

Қарапайым ғана ауыл баласы қардан мүсін жасап, күллі елге таныламын деген ой үш ұйықтаса да түсіне кірмеген. Бәрі аяқасты басталған. Әдеттегідей қыс мезгілінде ауылда қар тазалау деген жұмыс бар. Нәдірдің айтуы бойынша, бір кезекті қар тазалау жұмыстары кезінде осы қардан мүсін қашау идеясы келіпті.

— Мен ешқашан қардан мүсін қашап танымал боламын деп ойламадым. Бірде ауылдас ағам қар тазаласып жіберші деп шақырды. Ауладағы көп қарды аршып, бір жерге үйе бердік. Бір мезгілде үйілген қарға қарасак, кәдімгі балыққа ұқсап қапты. Ағам маған «осыны балық етіп қашап көрейік» деп идея айтты. Біз сол күні үйілген қардан балықтың мүсінін жасадық. Сөйтіп, осы өнерге 2020 жылы келдім. Алғаш рет қызыл машинаның макетін жасадым, — деп еске алады Нәдір Қуанаев.



ҚАРДАН СОҒЫЛҒАН МҮСІН



қолданамын, — дейді Нәдір Қуанаев.

Жас шебер осы жақында ғана Ақорданың макетін салды. Бұл макет әлеуметтік желіде тез тарап, көпшіліктің қолдауына ие болды. Нәдір Ақорданы жасау үшін 5 тонна қарды пайдаланған. Сегіз күн бойына ерінбей ақ ұлпадан қашап, Ақорда ғимаратын айнытпай салып шыққан. Нәдір Қуанаев өзі

Мен ешқашан қардан мүсін қашап танымал боламын деп ойламадым. Бірде ауылдас ағам қар тазаласып жіберші деп шақырды. Ауладағы көп қарды аршып, бір жерге үйе бердік. Бір мезгілде үйілген қарға қарасак, кәдімгі балыққа ұқсап қапты.

Ол Орал қаласындағы орталық мешітті де айнытпай қардан жасап шыққан екен. Мешітті жасау үшін төрт тонна қар жинаған. Одан кейін 2023 жылы патрульдік полиция көлігін де өте сәтті жасап шықты. Оның айтуынша, қардан мүсін жасау үшін ең басты керек құрал — ол кәдімгі колара.

— Маған өте көп адам хабарласады. Қызығып сұрап жатады.

Бала-шағаларын ертіп келіп суретке түседі. Бұл менің одан әрі шабыттанып жұмыс істеуіме түрткі болады. Тіпті әлеуметтік желіде өте жылы қабылдап, көп жақсы тілек айтады. Менің жұмысыма керек дүние бұл кәдімгі ара ғой. Сосын тегістігін тексеріп отыру үшін өлшегішті

жылыжайда жұмыс істейді. Қардан мүсінді көбіне кешкісін жұмыстан кейін қолға алады. Ақорданың макетін тамашалап келушілер қарасы көп.

Әсіресе, ауыл адамдары бала-шағасымен келіп суретке түседі. Ақорданың ма-

кетінің айналасына жарық шамдар орнатылған. Олар түнде жанып, айналаны жап-жарық етіп сән беріп тұрады.

5 тонна қардан жасалған Ақорданың ұзындығы — бес метр, ал ені үш метрді құрайды. Биіктігі — 160 см. Қардан жасалған нысанның мандайшасына Елтаңбаны орнатып, Көк байрағымызды да іліп қойыпты.

— Ақорданы өзім көрген емеспін. Астанада болып жүрмін ғой, бірақ жолым түспепті. Тек суреттен, видеодан қарап, жасап шықтым. Маған ең қиындық туғызғаны — терезелерінің көптігі. Оларды ойып, қашап кесу көп уақыт алды. Негізі мұндай мүсіндер қатты аязда өте сәтті жасалады. Ал жылы күндері сәтті шықпайды, — дейді кейіпкеріміз.

Жақсы азамат — ауыл үшін мақтаныш. Қазір Нәдірдің есімі Достық ауылы үшін мақтанышқа айналды. Ауыл тұрғындары бос уақыттарында Нәдірдің ауласына жиналып, қардан дайындалған мүсіндерді тамашалап суретке түседі.

Сондай жандардың бірі — Марат Наурызәлиев. Ол Нәдірдің әр туындысын жақсы біледі.

— Біз бәріміз осы Нәдірдің жұмысын қызықтап жүреміз. Ең бірінші полицияның машинасын салды. Одан кейін мешітті тұрғызды. Бүкіл ауыл болып осы Нәдірдің ауласын торып жүреміз. Бала-шағамызбен фотоға түсіп, мәз боламыз. Бұл енді тума талант қой, — дейді Марат Наурызәлиев.

Ал Достық ауылының тұрғыны Максот Әбілов болса, Нәдірдің арқасында ауылға келетін азаматтардың саны көбейді, балалар үшін де жақсы үлгілі іс жасап жүр деп ауылдасын мақтап қойды.

— Бұл біздің ауыл үшін жақсы үрдіс болды. Соңғы жылдары ауылымызға келетін адамдар көбейді. Нәдір тұрғызған ғимараттарды тамашалау үшін арнайы келеді. Былайша айтқанда, туристер дейміз ғой. Ауыл өркендеп жатыр. Нәдірдің осы еңбегінің арқасында ауыл адамдары да бір ермек тапқандай деп қуана қолдап отыр, — дейді ауылдасы.

Нәдір Қуанаев «қыстың аязды болғаны жақсы» дейді. Себебі жылы болса, қар жымысқы тартып, мүсін ойлағандай шықпайды. Айтпақшы, былтыр қыс жылы болып, Нәдір өзі ойлаған мүсіндердің кейбірін жүзеге асыра алмапты.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛТЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4698
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,